Фрезер тұрқы, аударма, жоғарғы полюс, алюминий төлке, магнит, төменгі полюс және коронкадан тұрады. Аударма мен тұрқы, коронка 45-ші маркалы, ал полюс 30-шы маркалы болттардан жасалады. Төлке магниттелінбеген АВД-1 немесе АВД-2 алюминий қорытпаларынан жасалады.

Фрезерлермен жұмыс істеу реті төмендегідей жүргізіледі: шамамен фрезердің көтеру күшін анықтайды.Фрезерді ұңғыға түсіріп,жетекші құбырды жалғап, жуу сұйығының айналуын қалпына келтіреді де,фрезерді 60-100 айн/мин айналдыраотырып , ұңғы түбіне түсірді.

Ұңғы түбіне 20-30 см жеткізбейтін бір орында 10-15 мин айналдырып, одан кейін ұңғы түбіне түсіріп, тағыда 10 мин айналдырып, жуу сұйығымен фрезердің айналуын тоқтатып, оны тазалап жуып, ағаш дөңгелекпен жауып, құлпылық бұрандасын тазалап, майлап қояды.

Магнитті фрезерлі металл аспаптардан бөлек сақтайды.

Фрезерді бөлшектеу оны магнитсіздендіруге соқтырады.

Түптік фрезерлер. Түптік фрезерлер ұңғыда қалдырылған металл заттарды фрезерлеу үшін қолданады. Фрезер жоғарғы шетінде құлпылық муфтаға арналған аудармасы бар сом темір.


Башмақтық фрезерлер. Ішкі тістері бар башмақтық фрезерлер ұңғы ішінде үзілген бұрғылау құбырларының шеттерін өңдеу үшін қолданылады. Одан кейін негізгі ұстағыш аспаптар түсіріледі.

Фрезердің ішкі бетіне екі конустық жазықтықта тістер ояды. Фрезердің жоғарғы шетіне шегендеуші құбырларға арналған ішкі бұранда ойылады. Аударма арқылы фрезерді шегендеуші құбырлардан бұрғылау құбырлары тізбегіне жалғайды. Фрезерлер оң және сол түрлерге бөлінеді. Олардың тістері Т.5-2 мм тереңдікте бекітіліп қатайтылады.

Овершоттар. Овершот бұрғылау құбырлары тізбегінқұлпы астынан ұстап шығару үшін қолданылады. Оны ұңғығақалдырылған тізбек ұзындығы 400 м-денаспаған жағдайларда,басқа ұстағыштарды қолдануға болмайтын және колокол, метчиктермен ұстай алмаған жағдайларда қолданады.

Овершот тұрқа және өзара жалғастырылған төрт серіппедентұрады. Тұрқы 45 маркалы, ал серіппелер 50г маркалы болаттардан жасалады.

Пауктер. Фрезер-пауктер. *Фрезер - паукты* (сурет 7.1) ұңғы ішінде қалдырылған ұсақ металл заттарды фрезерлеу және ұстау үшінқолданады.



Фрезер-паукты ұңғыға түсіріп,онымен металл заттардың үстін жабады. Содан кейін 30-50кн салмақпен жуу арқылы 0,3 - 0,7м-дейін ұңғы түбін тереңдетеді.

Сурет 7.1- Паук

Гидравликалық паук. Гидравликалық паук ұңғыда қалдырылған шарошкаларды, қашауларды және басқа да металл заттарды ұстап шығару үшін қолданылады.

Құбыр паук. Құбыр паук ұңғыда қалдырылған заттарды(қашау аяқтары, шарошка, балға тағы басқалар) шығарып алуүшін қолданылады.


Мөрілер. Мөрілер ұңғыда қалдырылған бұрғылау құбырлары тізбегінің орны мен сынық түрлерін анықтау үшін қолданылады.

Ұңғы ішіндегі сынған құбыр іздері қорғасынға,алюминий немесе қаңылтыр қоспаларға түседі.

Мөрілерді жиектері шықпайтындай етіп, қапталынан жуу сұйықтары өтетін тесік ойып дайындайды. Диаметрі ұңғы диаметрінен 25мм-дей кем алынады. Із қалу үшін мөрге 10-20кН салмақ түсіреді.

Ерштер. Ерштер ұңғыда қалдырылған сым арқандар немесе каротаж кабельдерін шыгарып алу үшін қолданылады.

Олардың стержендерге, метчиктерге шахмат жолымен ілмектерді пісіріп жалғау аркылы немесе қашаулар дайындамаларына, шегендеу құбырлары бойына ойықтар ойыпсыртына бүгу арқылы дайындайды.



Сурет 7.2 - Ерш

Бұрма қармақтар. Бұрма қармақтар ұңғы ішіндегі бұрғылау құбырлары тізбегін ұңғы ортасына келтіру үшін қолданылады. Бұрма қармақтардың бірнеше түрлері бар. Тік бұрышты немесе дөңгелек қималы бұрма қармақ.

Трубобұрғыларды көтеріп шығаруға арналған ұстағыш аспаптар. Турбобұрғы мен оның тетіктерін ішіндегі қалдырған жағдайларда оларды ұстап шығару үшін қолданылатын аспаптардың түрлері.

Қысқартылған ұстағыш. Ұңғыда қалдырылған трубобұрғыларды білігінің шығып тұрған жерлерінен (гайкадан, контургайкадан) ұстап шығару үшін қолданылады.

Ол кәдімгі ұстағыштар сияқты, тек плашкаларының сыртқы беттері алшақталынып немесе гайка мен контургайкадан ұстау үшін жаңадан плашкалар дайындалады.

Гидравликалық соққы механизмі. Ұңғы ішінде ұсталынып қалған бұрғылау, шегендеу құбырларын, қабат сынаушыларды төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен соғу арқылы босатып шығару ұшін қолданылады. УЛП-190-1 құрылғысы ұңғы ішіндекарысып ұсталынып қалған құбыр тізбектерін босатуда қолданылады. Жұмыс істеу принципі құбыр тізбегінің керілген немесе төмен бағытталған соққылау күштерін түсіруге негізделген.

Механикалық ясс ұңғы ішінде сыналанып ұсталған қашауларды және ұзындығы қысқа құбырлар тізбегінің элементтерін босату үшін қолданылады. Ясстың жұмыс істеупринципі қос конусты айырғаннан кейін, созылып тұрған бұрғылау тізбегінің потенциалды энергиясын пайдалануға негізделген. Бұл жағдайда ұсталынған жерден, бұрғылау құбыры тізбегінің жоғарғы жағы ашылынып шығарылады.

Ұңғыға аспап қосылған құрама (егер ястың төменгі аудармасы жалғай алмаса), ясс, ұзындығы 25-500 ауырлатылған бұрғылау құбыры, бұрғылау құбырлары түсіріледі. Ясстың айналдыра отырып, оған 30-40кН салмақ түсіреді, салмақтың әсеріненштоктың конусты беті төменгі аударма ішіндегі конусты бетпен сыналады.

Бақылау сұрақтары:

1. Магнитті фрезерлер қандай мақсатта қолданады?
2. Овершоттардың негізгі қолдану әдістерін атаңыз?
3. Пауктер. Фрезер-пауктер сипаттамаларын көрсетіңіз?

Әдебиеттер тізімі

1. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537
2. «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы», Оқу құралы /А.К. Тәжібай, Г.Б. Оразбекова, А.Б. Марқабай/ Нұр-Сұлтан: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020 ж. - 292 б.
3. Басарыгин Ю.М., Булатов А.И., Проселков Ю.М. Осложнения иаварии при бурении нефтяных и газовых скважин: учеб. пособие для вузов / ООО «Недра-Бизнесцентр». – М., 2000. – 677 с.

Дәріс № 8. Тақырыбы: Атқылауға қарсы арналған жабдық

1. Мұнай, газ, судың, шығарылымының алдын алу және олармен күрес
2. Превентор

Мұнай, газ, судың, шығарылымының алдын алу және олармен күрес

Газ, мұнай және су шығарылымы. Бұрғылау қабаттарында газ, су және мұнай болуы мүмкін. Газ жарықшақ арқылы ұңғымаларға өтеді. Егер қабаттық қысым ұңғыны толтыратын жуатын сұйықтықтан қысымы жоғары болса, газ үлкен күшпен ұңғымадан сұйықтықты шығарады – одан газдық, кейде мұнайлық фонтан болады. Бұл құбылыс бұрғылаудың қалыпты процессін бұзады, жабдықтың бұзылуына әкеледі, кейде өрт болады. Су немесе мұнай үлкен қабаттық қысыммен ұңғымаға өтуі мүмкін. Нәтижесінде жуатын сұйықтықты шығарып тастайды, сосын су немесе мұнайды шығарады. Су немесе мұнай фонтаны болады.

Лақтырымдылар жоғары қабаттық қысыммен ұңғымаға газдың өтуі нәтижесіде ғана болмайды. Газ майда көпіршек түрінде ұңғыманың нашар батпақтанған қабырғалары арқылы жайлап ерітіндіге өтуі мүмкін немесе бұрғыланған жыныспен бірге. Әсіресе бұрғылауда ұзақ үзілістер кезінде ерітінді қатты газбен толады.

Ұңғыма забойында газ көпіршіктері үлкен қысымның астында болады, одан газ қатты езіледі, ал көпіршіктердің өте аз. Циркуляция кезінде батпақты ерітінді жоғары көтеріліп өзімен бірге газ көпіршіктерін шығарады, олар неғұрлым жоғары көтерілген сайын, соғұрлым оларға деген қысым азаяды және соғұрлым олардың көлемі үлкейеді. Соңында көпіршіктердің үлкейгендігі

сонша, олар ерітіндіде көп көлемді алады және оның тығыздығы азаяды. Діңгек салмағы газ қысымына төтеп бере алмайды да лақтыру болады.

Жайлап ұңғымаға еніп су мен мұнай да ерітінді тығыздығын азайтады, бұл да лақтыруға әкеледі. Лақтырулар ұңғымада жуатын сұйықтықтың деңгейі төмендегенде, ол циркуляцияның жоғалуынан болады немесе ұңғыма толтырылмаған жағдайда құбырдың көтерілуі кезеңінде болады.

Газ шығарылымының бастапқы белгілері мынадай:

а) газбен толтырылған батпақты ерітінділер қорапшаларының циркуляциялануының қайта орнауы кезінде бетіне шығуы;

б) газ қабаттарынан түсудің шектелуінде ұңғымадағы қайнау, олар батпақты ерітінді кернеуінің қозғалысы мен тұтқырлықтың көлемі аз болғанда байқалады;

в) ұңғымадан ерітіндінің әлсіз құйылуы;

г) бұрғылау сораптарының қабылдау сыйымдылығындағы сұйықтықтың деңгейінің көтерілуі (циркуляциялық жүйеге сұйықтықты қоспағанда);

д) газ коротажды станциялардың көрсеткіші бойынша газдың пайда болуы;

Бұл жағдайларда ұңғыманы жууды күшейту керек, бұрғылауды тоқтату немесе түсіріп көтеруді ерекше жағдайға дейін және ерітіндіні қайтадан газдауға бір уақытта шаралар қабылдауы керек.

Лақтырудың бетін қайтарудың алдын алу үшін ұңғымадағы қысым қабаттағы қысымнан шамамен 21-25 бар көп болуы керек. Артық қысымның көлемі ұңғыманың тереңдігіне, айқындалған қабат жынысының өткізгіштігіне байланысты. Қабаттағы артық қысым ауырланған батпақ ерітіндіні пайдаланудан болады. Батпақты ерітінді ауырланған кезде оның барынша аздығын сақтай отырып тұтқырлығына көңіл бөледі.

Бірақ газ, мұнай немесе қарқынды су ағысымен күрес ретінде тек батпақты ерітіндіні ауырлатумен шектелуге болмайды, себебі лақтыру кездейсоқ болуы мүмкін немесе аз уақытта қатты буырқануы мүмкін, ал ерітіндінің ауырлауы – ұзақ операция.

Басталған лақтырудың бетін қайтару үшін дереу ұңғыманы жабу керек, оны жабу оңай болады, егер оның аузы арнайы лақтыруға қарсы жабдықпен қымталған болса. Ұңғыманың аузын қымтау үшін лақтыруға қарсы жабдық кондуктордың мұнара фланцында бекітіледі және ол превенторлардан, өтуші фланцылық катушкалардан, ысырмалардан, мұнаралық бастан және басқа арнайы арматуралардан тұрады.

Превентор - Мұнай және газдың атқылауын болдырмайтын жабдықтар ұңғымалардың құрылысы және жөндеу жұмыстары барысында олардың аузын бекіту, атқылаудың және ашық фонтантанның алдын алу, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында герметизациялауға арналған. Сұйық пен газдың атқылауын болғызбау үшін және ұңғыма оқпаны шеңберін кеңейте түсу үшін ұңғыма ернеуіне орнатылатын тетік. Оның металл корпусында бұрғылау оқпанын тығыз бітейтін айналмалы немесе ұңғыма қимасының бүкіл ауданын бітейтін қозғалмайтын қақпағы болады.

Превентор топан су басу және басқа да төтенше жағдай кезінде бұрғыламаны ұзақ уақытқа сөндіруге мүмкіндік береді, сол кезде қоршаған ортаны ластау мүмкіндігі жойылады.

Превентор түрлері

Превентор түрлері:

1. плашкалы,
2. универсалды,
3. айналатын.
4. Сақиналы айналмалы превентор
5. Кабельді превентор

Плашкалы превентор - бітеу немесе өткізбелі ұңғымада құбырлар колоннасы болған кезде толық немесе сақина аралық кеңістікті саңылаусыздандыруға арналған.

Айналмалы превентор – айналушы немесе жетекші құбыры бар ұңғыма сағасын нығыздау үшін қолданылады. Егер ұғңымада бұрғылау колоннасының кезкелген бөлігі (құлып, құбыр, бағыттаушы құбыр) болған жағдайда, ұңғмадағы саңылауды жабуға арналған.

Сақиналы айналмалы превентор бұрғылау колоннасының кез келген бөлігінде меңгеру, жөндеу, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде ұңғыма сағасын герметизациялыуға арналған. Максималды жұмыс қысымы 14 МПа, массасы 700 кг.

Кабельді превентор ГКР1кабель саңылауын герметизациялауға арналған ол сағалық қондырғының фланецне орнатылуы мүмкін. Жұмыс істеу қысымы 21 Мпа, массасы 70 кг.

Нақты геологиялық жағдайға және ортаның коррозиялық белсенділігіне байланысты таңдалған атқылауға қарсы жабдықтар келесідей технологиялық операцияларды қамтамассыз етуі қажет:

- бұрғылау құбырлары ұңғымаға түсірілген жағдайда және құбырлар болмаған кезде ұңғыма аузын сенімді және жылдам саңылаусыздандыру;
- қабылданған технология бойынша ұңғымадан қабатқа қарсытойтарумен бұрғылау ерітіндісінің айналымын және сұйықтықтың шайылуын жасау;
- бұрғылау тізбектерінің қысылып қалуының алдын алу үшін (ұңғыма аузы саңылаусыздандырылған жағдайда) теңселуін және аударылуын жүзеге асыру;
- ашық фонтандау кезінде қосымша жабдықттарды монтажаду мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- өндіру кезеңінде ұңғыманың жағдайын бақылау;
- ұңғыма аузы саңылаусызданған кезде барлық бұрғылау тізбегін немесе оның бөліктерін түсіру немесе көтеру.

Лақтыруға қарсы жабдықтар превентор құрамасынан, манифольдтан жүйесінен және превенторларды гидравликалық басқарудан тұратын негізгі кешен болып табылады.

Превентордың қызметі

Қабатты ашу және ашық оқпанда сынау үшін - превенторлық қондырғы, бұрғы тізбегінде кері клапан, вертлюгтік ұшпен жалғасқан сағалық манифольд қолданылады. Бекітілген оқпандағы қабатты игеру және сынау үшін - фонтандық арматура пайдаланылады. Превенторларды орнатпас бұрын және сағаға орнатқаннан кейін белгілі қысымда сынайды.

Газды немесе барлама ұңғы сағасына орнатылған превенторлық қондырғыларды қосымша ауамен сынайды. Превентордардың ұштастырылуы-ұңғының, артық қысым әсерімен, тура және кері жууын қамтамасыз етуімен қатар, сағадағы артық қысымды ақырын төмендетуге және жұмыстан шыққан превенторды жаңа түріне, герметизациясын бұзбай ауыстыруға мүмкіндік беруі тиіс.


Превентор қондырғыларының дұрыстығын, вахта сайын ашылып-жабылуын тексеріп тұру қажет. Аптасына бір рет превенторлардың болтпен қосылған жерлерінің беріктігін және бұрма құбырларды тексеріп отыру керек. Өнімді қабаттарды қазу кезінде мұнай, газ өнімдері көтеріліп ашық фонтан болатын жағдайлар да болады. Оларды болдырмау үшін алдын ала профилактикалық шаралар қолданылуы тиіс. Ол үшін ұңғыдан шығатын жуу сұйығының тығыздығын, оның қамбадағы деңгейін қадағалап отыру керек, қамбаларға арнайы құрылғылар орнатылуы тиіс**.** Жуу сұйығы құрамындағы газдың мөлшері мен түрін айқындау үшін автоматтандырылған құрылғы, олардан тазарту мақсатында вакуумдық дегазаторлар орнатылады.

Дәріс № 9. Тақырыбы: Ұңғы сағасын саңылаусыздандыру үшін плашкалы, әмбебап және айналмалы превенторлар. ды қолданады.

1. Плашкалы превенторлар
2. Әмбебап превенторлар
3. Айналмалы превенторлар

Ұңғы сағасын саңылаусыздандыру үшін плашкалы, әмбебап және айналмалы превенторлар ды қолданады.

Плашкалы превенторлар (9.1-сурет) мұнай-газ атқылауынан сақтандыру мақсатында ұңғы сағасын саңылаусыздандыру үшін қолданылады. Превентор тұрқы 2 шпилькаларға арналған тесіктері бар цилиндрлік фланеці және вертикал өту тесігі бар болат құйма түрінде болады. Шпилькалармен бекітілу – превентордың биіктігін азайтуға мүмкіндік береді, алайда, ЛҚЖ монтаждау кезінде шпилька осі мен фланецтердің тесігінің сәйкесітігін қамтамасыз ететін дәлдікті талап етеді. Тұрқыда плашкаларды 18 орналастыруға арналған көлденең өтпелі қуыс бар. Сыртынан бұл қуыс жақтаулық 1 және 6 қақпақтарымен жабылады. Олар тұрқыға бұрандалармен 5 бекітіледі. Қақпақ пен тұрқы резеңкелі төсемелермен 4 тығыздалады. Плашкалардың превентор тұрқысына жабысып қалмауы үшін қысқы уақытта бу жіберетін түтікшелер 15 орналастырылған. Қақпақтың жақтаулық бетінде шпилькалар арқылы гидроцилиндрлер 7 орнатылады.



1,6-бүйірлік қақпақ; 2-корпус; 3 – коллектор; 4-резеңке тығыздағыш; 5-болт; 7-гидравликалық цилиндр; 8-өзек; 9, 13, 14-резеңке сақиналар; 10-ролик; 11 – шанышқы; 12-бұрандалы втулка; 15-бу беру түтіктері; 16-тығыздағыш; 17-лайнер; 18-плашкаларды орналастыруға арналған қуыс; 19-түтіктер

Сурет 9.1 - Плашкалы превентор

Поршендердің 8 штоктары Г-тәрізді шығыңқылықпен жабдықталған. Коллектордан 3 түтікшелер 19 арқылы гидроцилиндрдің сыртқы аумағына айдалатын сұйықтық қысымынан поршеньдер қарама-қарсы бағытта қозғалып, плашкалар превентордың кіру тесігін жабады. Сұйықтықты цилиндрлердің ішкі аумағына айдаған кезде плашкалар қозғалып, превентордың кіру тесігін ашады. Поршень және штоктар сонымен қатар гидроцилиндрдің жылжымайтын қосылыстары 7 резеңке сақиналармен 9, 13, 14 тығыздалынады.

Превентордың гидравликалық басқарылуы гидравликалық жүйенің істен шығуы кезінде және превенторды ұзақ уақытқа жабу кезінде бір әсерлі қол механизмімен алмастырылады. Қол механизмі шлицті білікшеден 10 және поршеньмен шлицті жалғанған аралық бұрандамалы төлкеден 12 тұрады. Білікше 10 карданның вилкасы 11 және тартпа арқылы ұңғы сағасынан қауіпсіз аймаққа шығарылған штурвалға жалғанады. Білікшенің сағат тілі бойынша айналуы кезінде бұрандалы төлке 12 тік сызықты қозғалыс жасайды және поршеньді превенторлардың плашкалары тірелгенше жылжытады. Превентордың есептік жабылу уақыты гидравликалық жүйені қолданғанда 10 секунд, ал қолмен басқарылғанда 70 секундты құрайды. Бұрандалы төлкелерді бастапқы қалыпқа келтіргеннен кейін превенторды басқарудың гидравликалық жүйесі арқылы ашуға болады.

Плашкалы превенторларда бұрғылау және шегендеу құбырлары бар ұңғы сағасын саңылаусыздандыру үшін құбырлық плашкалар және ұңғыда құбырлар

болмағанда тұйық плашкалар қолданады. Қажет болған жағдайда құбырларды кесетін арнайы плашкалары болады.

Превентор плашкалары тұрқымен бұрандалармен және винттермен қосылған вкладыштан 17 және резеңке тығыздауыштан 16 тұрады. Беріктендірілген металл пластиналар тығыздауышқа керек беріктікті береді.


Тығыздауыштың жұмыс мерзімі превенторды жабу циклының санымен және құбырлардың жалпы ұзындығымен өлшенеді. Нормаға сәйкес тығыздауыштың істен шығуына дейін орташа жұмыс мерзімі қысымсыз превентордың 300-ден аз емес жабылуына тең болуы тиіс және жабық превентор арқылы 300 м-ден артық құбырлардың өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Егер плашка деңгейінде бағыттаушы құбыр, бұрғылау құлпы, муфта және диаметрлері мен геометриялық формалары орнатылған плашкаларға сәйкес келмейтін құбырлар тізбегінің басқа да бөлшектері орналасқанда плашкалы превенторлар саңылаусыздықты қамтамасыз ете алмайды. Жабық превентор жағдайында тізбектің баяу қозғалуына жол беріледі, ал бұрғылау тізбегінің айналуы, көтеріліп және түсірілуі мүмкін емес.

Әмбебап превентор

Әмбебап превенторлар тығыздалатын заттың диаметрі мен геометриялық формасына тәуелсіз ұңғы сағасын саңылаусыздандыра алады.

Аталмыш превентор тұрқы 17 тіреу фланеці және превенторды бекітуге арналған шпилькалары 19, монтаждау-демонтаждау жұмыстары және тасымалдау кезінде ілуге арналған құлақшалары 10 бар сатылы цилиндрлі формалы болат құйма болып келеді.



Сурет 9.2 - Әмбебап превентор

Превентор тұрқысында тұтас сатылы поршень 9, резеңкелі-металды тығыздағыш манжет 5 және сақтандырғыш төлке 14 орналасқан. Қиылған конус тәріздес формасы бар тығыздағыш манжет поршеннің конусты тесігімен байланысып қақпаққа 2 тіреледі.

Қақпақ манжетпен 4 тығыздалады және тартылған күйінде тоқтатқыш бұрандамен 3 орнықтырылады. Қақпақтың тіректік фланецтеріндегі бұрандалық тесіктер ЛҚЖ-ң фланецті катушкасын бекітуге қолданылатын шпилькаларға 1 арналған. Қақпақ пен тұрқының тіректік фланецтеріндегі сақиналық арналар металл тығыздауыш сақиналарға 18 арналған.


Тұрқы, қақпақ және поршень арасында А және Б қуысы пайда болады, олар ЛҚЖ-ң гидавликалық басқару жүйесімен штуцерлер 8, 13 мен құбыржол арқылы байланысады. Майды гидробасқару жүйесінен Б қуысына айдағанда поршень жоғары көтеріліп және ішкі конусымен тығыздауыш манжетаны радиал бағытта қысады. Деформация нәтижесінде манжетаның өту тесігі толық жабылады.

Майдың ағып кетуін болдырмау үшін өздігінен тығыздалатын манжеталар 6, 7, 11, 12, 15, 16 және тығыздауыш сақиналар 18 қолданылады. Тығыздауыш манжета жабық күйінде күшпен ұсталынып тұрады. Превентор майдың А қуысына айдау және бір уақытта Б қуысынан төгілу кезінде ашылады. Май қысымының әсерінен А қуысында поршень төмен қозғалады және өзінің серпімділігі арқасында босаңситын (разжим) манжетаны босатады. Әмбебап превентордың есептелген жабылу уақыты 30с-тан аспауы керек.

Айналмалы превенторлар

Айналмалы превенторлар ұңғы сағасы мен бұрғылау тізбегі арасындағы сақиналық саңылауды герметизациялауға және саға саңылаусыздандырылған кезде бұрғылау тізбегін көтеріп-түсіру, айналдыру мүмкіндігімен қамтамасыз етуге арналған. ЛҚЖ құрамында айналмалы превентор роторлық бұрғылауда, ұңғыны кері жууда қолданылады.

Айналмалы превенторлар (9.3-сурет) тұрқыдан 7, жылжымайтын патроннан 4 және айналмалы оқпаннан 6 тұрады. Плашкалы және әмбебап превенторларға қарағанда айналмалы превенторлардың айналатын оқпанға киіліп, өзінің серпімділігімен және сағадағы қысыммен бұрғылау тізбегін қысатын манжеті 9 болады. Легирленген болаттан жасалған құйылған тұрқы 7 плашкалы және әмбебап превенторлармен қосуға арналған тіректік фланецпен және бұрғылау қондырғысының циркуляциялық жүйесімен қосуға арналған бүйірлік құбырмен жабдықталған.



Сурет 9.3 - Айналмалы превенторлар

Тіректік фланец тесігінің диаметрі превентордың типтік өлшеміне байланысты және қашаудың өтуіне жеткілікті болуы керек. Сыртқы тіректік фланеці бар цилиндр түріндегі оқпан 6 тіреуіш 5 және радиал 3 мойынтіректерде айналады. Оқпанға байонетті қосылыста өздігінен тығыздалатын манжета бекітіледі. Оқпанның өтпелі қимасы қашау диаметрінен аз. Сондықтан түсіру және ауыстыру кезінде оқпанды превентор тұрқынан бөлу керек. Бұл үшін оқпанды патронмен бірге байонетті затвор және фиксатор 10 арқылы превентор корпусымен қосады.

Патронды тұрқына орнатар алдында фиксатор 10 пультпен басқарылатын пневмоцилиндр немесе винт 12 және трос 11 көмегімен солжақ шеткі күйге апарылады және патронды орнатуға арналған тесікті босатады. Бұдан кейін патронды шығып тұрған қырларымен тұрқының пазаларына кіргізеді және тұрқыда орнатылған тіректерге дейін сағат бағытымен бұрайды. Ары қарай фиксаторды босатады, ол пневмоцилиндрдің серіппесінің әсерінен патронды превентор корпусына тұйықтайды. Патронды тұрқыдан шығару үшін фиксаторды алдын-ала өшіру керек және патронды сағат тіліне қарсы бұру керек. Патронды жетек құбырмен бұрады, ол ротормен ішпектер 1 арқылы айналады. Пультпен 13 қосылатын шиналы-пневматикалық муфта 2 патронды оқпанмен қосады және осының нәтижесінде олардың екеуі де жетек құбырмен бірге превентор тұрқына қатысты бұрылады. Ствол мойынтіректері сұйық маймен майланады, ол ағып кетуден және ластанудан асбографитті манжеталармен 8 сақталынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Плашкалы превенторлардың тағайындалуы?

2. Әмбебап превенторлардың тағайындалуы?
3. Айналушы превенторлардың тағайындалуы?

Әдебиеттер тізімі

1. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537
2. «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы», Оқу құралы /А.К. Тәжібай, Г.Б. Оразбекова, А.Б. Марқабай/ Нұр-Сұлтан: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020 ж. - 292 б.
3. Басарыгин Ю.М., Булатов А.И., Проселков Ю.М. Осложнения иаварии при бурении нефтяных и газовых скважин: учеб. пособие для вузов / ООО «Недра-Бизнесцентр». – М., 2000. – 677 с.

Дәріс № 10. Тақырыбы: Бұрғылау қондырғысының ұршықтарының пайдаланылуы және тәлдік арқанның қиындық тудындайтын жағдайлардың алдын алу.

1. Ұршықтың жұмысы кезінде пайда болатын ақаулар және оларды жою тәсілі
2. Бұрғылау және КТО кезіндегі жабдықталудағы тәлдік арқанның ұзындығы бойынша иілу (бүгілу) санының таралу заңдылығы


Ұршықтың сенімді және ұзақ уақыт жұмыс жасауы оның дұрыс пайдаланылуына байланысты болады.

Ұршықтарды жаңа бұрғылауда пайдаланудың алдында келесілерді тексереді:

1. Стволдың дұрыс айналуын. Ствол жұмысшы қолмен ұзындығы 1м болатын кілт ұстағышына түсірілген күшпен айналуы тиіс. Егер ствол айналмаса, онда ішкі құбырдың ныгыздалуын сәл әлсірету керек. Егер ол жағдайда айналмаса, онда ұршықты ауыстыру қажет.
2. Ствол мен переводниктің сыртқы бақылаудағы жағдайын. Егер жарықша табылған жағдайда немесе тозған болса, оны жөндеуге жөнелту керек.
3. Мойынның, ұршық қақпағының және төменгі фланецтің сенімді бекітілуін; бұл жағдайда гайканың айналып, шығып кетуін болдырмау мақсатында оның дұрыс бекітілуіне баса назар аудару қажет.
4. Штроптардың сыртқы тексерудегі жағдайын және оның саусақта айналуын.
5. Тік жайдағы ұршықтағы майдың деңгейі мен сапасын. Қажет болса, тағы да май қосады немесе оны жаңасымен ауыстырады.

6. Төменгі нығыздаудың жағдайын. Егер одан май аққан жағдайда асбографитті манжет пен севанитті сақинаны ауыстырады. Севанитті нығыздағыштың іші қою маймен толтырылады.

7. Штроп саусақтарындағы майлылықты.



1-мойын; 2-ішкі құбыр; 3-қақпақ; 4-нығыздағыш; 5-штроп; 6-корпус; 7-саусақ; 8,12-радиальды роликті подшипниктер; 9-негізгі тіректі конусты роликті подшипник; 10-тіреуіш тақта; 11-көмекші тіреуіш подшипник; 13-нығыздағыш; 14-ұршық діңі; 15-аударма

Сурет 10.1- Ұршық.

Әр вахтаның басы мен жұмыс кезінде ұршықтың дұрыс пайдаланылуы үшін келесі шарттар орындалуы тиіс: түйіндердің сенімді бекітілуін тексеру, майдың жағдайы мен оның ваннадағы деңгейін қадағалау, подшипниктердің жағдайын тексеру, егер олардың температурасы 70^0С-дан асқан жағдайда жұмысын тоқтату және себебін анықтау; нығыздауды қадағалу, егер нығыздаудан май аққан жағдайда жұмысты тоқтату және қателерді болдырмау.

Ұршықтың жұмысы кезінде пайда болатын ақаулар және оларды жою тәсілі

10.1-кесте

Пайда болатын ақаулар	Ақаулардың пайда болу себептері	Ақауларды жою тәсілдері
Ұршық корпусы күшті қыздырылады	Май ваннасында майдың көп болуы немесе жетіспеушілігі. Майдың ластануы	Деңгейге дейін май құю немесе артық бөлігін төгіп тастау. Майдың сапасын тексеру, майды ластанған кезінде төгіп тастау, ваннаны керосинмен шаю және жаңа май құю
Ұршық стволы үлкен күшпен бұрылады немесе мүлдем бұрылмайды	Қажымайтын подшипниктің люфтасының реттелуі дұрыс жасалмаған.	Реттелуін тексеру

	Сальникті нығыздағыштар қатты қысылған	Герметикалығын бұзбай нығыздағыштың ішке тартылуын әлсірету
	Қажымайтын подшипниктің люфтасының реттелуі дұрыс жасалмаған	Люфтаны жоғарғы қажымайтын подшипниктің қысқыш гайкасы арқылы реттеу. Гайканың бір айналымы люфтаның мөлшерін 2 мм-ге өзгертеді.
Ұршық стволының үлкен радиалды люфтасы бар	Негізгі немесе жоғарғы қажымайтын подшипниктің сепараторы бүлінген. Стволдың орталаушы подшипниктері тозған	Ұршықты жөндеуге жөнелту
Төменгі нығыздағыш арқылы майдың ағуы	Сальниктер жеткілікті созылмаған	Сальниктерді тарта түсу
	Сальниктердің тозуы	Сальниктерді ауыстыру
Төменгі нығыздағыш арқылы сұйықтың ағуы	Манжеттердің жеткілікті созылмауы немесе олардың тозуы	Манжеттерді тарта түсу немесе жаңаларын қою
	Үлкен тозық немесе ішкі құбырдың жуылуы	Ішкі құбырды ауыстыру
Қақпағы бар бұру қосылысы арқылы сұйықтың ағуы	Прокладка тесіліп қалған	Прокладканы ауыстыру
Стволы бар аударушының резьбалы қосылысы арқылы сұйықтың ағуы	Аударушының әлсіз бекітілуі немесе резьбаның ақауы	Аударушыны толық бекіту. Ұршықты жөндеуге жөнелту

Егер ұршықтың переводниктің резбалары бітеліп қалса, ұршықты ауыстырады, Бұрғылау кезінде жуу сұйықтығының балшық тығыздағышы арқылы ағып кетуіне жол бермеу керек.Егер ағып кетсе, манжеттер ауыстырылады және бір уақытта балшық құбырының күйін бақылайды. Айтарлықтай тозу жағдайында оны ауыстыру керек. Бөлгіштің қақпаққа, қақпаққа және төменгі фланецке корпусқа бекітілуінің сенімділігі мезгіл-мезгіл тексерілуі керек. Балшық құбыры мен ағызу арасында ағып кету пайда болған жағдайда, гайкалар тартылады, ал егер бұл нәтиже бермесе, тығыздағыш өзгереді. Тығыздағыштарды ауыстырған кезде ағызу күйін бір уақытта тексеру қажет. Қабырғалардың айтарлықтай тозуы жағдайында бұрғыны ауыстыру керек.

Майлау мен бұрылыстың жай-күйін бақылау ауысымына кемінде 1 рет жүргізілуі тиіс. Орташа және күрделі жөндеу шеберханаларда жүзеге асырылады.

Бұрғылау және КТО кезіндегі жабдықталудағы тәлдік арқанның ұзындығы бойынша иілу (бүгілу) санының таралу заңдылығы

Тәлдік арқанның қызметтік мерзімі және көтеріп-түсіру операцияларының қауіпсіздігі арқан байланысқа түсетін үстіңгі беттегі жабдықтардың жағдайына және біріккен жұмыс режіміне тікелей байланысты.

Арқанның жұмыс жағдайына келесідей факторларды жатқызуға болады: тәлдік жүйенің шкивтері арқылы арқанның өтуіндегі иілу (бүгілу) кернеулері және шығыр барабанындағы; тартқыш жүктемелер; ортаның коррозиялығы; ортаның абразивтілігі; арқанның қозғалыс жылдамдығы; арқан түйісетін жабдықтардың (тәлдік жүйе шкивтері, барабан бөшкесі) құрылымы.

Төмен тартқыш жүктемеде жұмыс істеуінде (25% үзу күшінен) арқанның істен шығуына әсер ететін факторлардың ішіндегі ең басым келентіні сымдардың тозуы (қажалуы). 25% аса жүктемеле жұмыс істейтін тәлдік арқанның қызметтік мерзімін анықтайтын доминирлеуші факторлар болып қазіргі бұрғылау құрылғыларындағы тәлдік жүйедеге және шығыр барабанының шкивтеріндегі арқанның иілу (бүгілу) мен ілгіштегі жүктемеден арқанның керілу кернеуі саналады.

Барабанның айналуынсыз (нөлдік өтуде мүмкін) жүйенің ұзақ жұмысы барысында барлық шкивтерде қажулық факторлардың жинақталуы орын алады. Бұрғылау белгілі бір өтумен жүретіндіктен тәлдік арқан барабаннан жүйеге түседі, ал арқанда пайда болған иілулер арқанның барлық ұзындығына таралады. Жылжымайтын ішектің тіркелген жағдайында шкивке келу және шкивтен кету зоналары бірдей келеді. Сонымен ұзақ мерзімді діріл кезінде бұрғылау барысында жинақталған қажалу факторлары орын алады, нәтижесінде арқанның қажалып тозуына алып келеді, яғни арқанның үзілуі – апаттарға әкеліп соқтырады.

Тәлдік арқанның істен шығуының басты себебі көп жағдайларда КТО кезінде қайталамалы кернеулер әсерінен материалдың қажуынан болатын сыртқы қабаттың сымдарының үзілуімен негізделеді. Мұндай кернеулерге бірінші кезекте тәлдік жүйе шкивтері арқылы арқанның өтуі кезіндегі иілу (бүгілу) кернеуі және оның шығыр барабанына орамдалу кернеуін жатқызамыз. Арқанның бүгілуінің циклдік саны оның қажу беріктілігін (ұзақ мерзімділігін) анықтайды. Тәлдік арқанның циклдік бүгілу санының оның жабдықталу ұзындығы бойынша таралу заңдылығын білу тәлдік блокты биіктікке көтеру (түсіру) кезінде бұрғылау қондырғысын жобалауда тәлдік жүйенің параметрлерін оптимизациялау мүмкіндігін береді. Оптимизациялау критериі ретінде арқанның асқын жүктелген бөлігіндегі ең төмен циклдік бүгілу саны қабылданады. Сонымен қатар бүгілулердің таралу заңдылығын білу, КТО кезінде тәлдік блоктың көтерілу биіктігін шектеу бойынша бұрғылаушыларға нұсқаулықты құрастыруға және ұңғымаларды өткізу барысында тәлдік арқанды оңтайлы өтеу әдістемесін құрастыру мүмкіндігін береді.

Арқанның пішінін өзгертуі, сопақшалануы, жалпаюы және жаншылуы арқанның атанаққа көп қабатты орамдалу ерекшеліктерімен және арқан диаметрінің шкив жылғасына сәйкес келмеуімен шарттасқан. Пішін өзгеруі, әдетте, мынадай жағдайларды болады:

- арқан диаметрі шкив жылғасының профиліне және атанақ арықшаларының профиліне сәйкескелмеген кезде (арқан диаметрі қажетті шамадан кіші немесе үлкен);

- беті тегіс барабанға арқанның бірінші қабатын күшсалмақпен ораған кезде;

- сымдарда және төмен жатқан қабаттарда (орамдарды параллель жайластыру аймақтарында) сығымдаушы және жанасушы кернеуле туындататын, арқанды көп қабатты жайластыруда;

- арқанды барабанға көп қабатты жайластыру кезінде – орамнан орамға өту және бір қабаттан екінші қабатқа өту аймақтарында. Соңғы жағдайда жанасу кернеулерінің шамасы жылғалық жапсырмалар конструкциясына маңызды тәуелділікте болады.

Арқанның бір өрімінің селкеуленуі немесе керісінше өрімнің органикалық өзекше орнына арқан ортасына енуі. Әдетте, бұл құбылыс жаңа арқанның бірінші әбзелін жұмыс істетуде болады және арқанның сапасының төмендігінің немесе арқанды ауыстыру регламентін бұзудың нәтижесі болып табылады. Арқанды ауыстыруда ауыстырылатын және жаңа арқан шеттерін сапасыз жалғау орын алады, нәтижесінде жабдықтауға жаңа арқанды тарту процесінде оның өрімдері бұрау салған жерлерде салыстырмалы жылжиды, ол арқанда жүктемелеу кезінде өрімдердің селкеуленуіне немесе еніп кетуіне әкеледі.

Тәлдік арқандардың іске жарамсыздық сынбағалары Арқандардың істен шығып жарамсыз болып қалу сынбағалары жұмыстың қауіпсіздің ережесінде регламенттелген, ол бойынша арқан ауыстырылады немесе бірнеше жерлерінде ғана үзілулер болса қайта өңделіп жасалынады - бір немесе бірнеше өрімдерінің үзілуінде - кронблоктың соңғы айналмайтын шкив зонасында сымның үзілуінде (10.2-сурет);

- арқанның бір бұрымы арқан өзекшесінің ақауы себебін ығыстырылып, адырайым шығып кеткен, яғни механикалық бұзылу немесе арқанды ауыстыру регламентінің бұзылуы;

- сыртқы қабаттың тозуы немесе коррозиясы 40% жеткенде;

- арқанды есу қадамындағы үзілген сымдарының саны 10% асады;

- органикалық өзектің бұзылуындағы арқан диаметрінің жергілікті кішіреюі;

- органикалық өзектің орын ауыстыруынан арқан диаметрінің жергілікті үлкеюі;

- арқаның жаншылуы;

- арқанның толқындылығы.

- арқан сымдарының қабаттарының ажырауы (10.3-сурет);


- бір немесе бірнеше бұрымдарының бөлінуімен болатын кәрзіңке тәрізді деформациясы (10.4-сурет). Арқан бірден жарамсыз деп танылады;

- метал өзекшесінің ығыстырылып шығарылуы. Арқан бірден жарамсыз деп танылады;

- динамикалық жүктемелер әсерінен арқанның түйіншектелуі. Арқан бірден жарамсыз деп танылады.



10.2-сурет. Кронблоктың соңғы айналмайтын шкив аймағында сымның үзілуі



10.3-сурет. Өрім сымдарының итеріліп ығыстырылып шығарылуы: а – бір өрімде; б – бірнеше өрімде



10.4-сурет. Кәрзеңке тәрізді деформация

Органикалық өзекшені шығара және дұрыс пішінін өзгерте арқанның жергілікті тарқатылуы. Бұл құбылысты туындататын пайдаланулық себептерге қайта жарақтандыруда қосымша бухтадан жасалған арқанда тұзақтың болуын жатқызады. Әдетте, бұл есу қадамының өзгеруіне және арқанның конструктивтік құрылымының жергілікті бұзылуына әкеледі. Шаршау қисығына негізделген болат арқандардың жарамдылық мерзімін бағалау әдістемесі арқан

сымдарының шаршаулық беріктігі обылысынан статистикалық тәжірибелік мәліметтер жетіспеушілігінен және жарамдылыққа әсер ететін арқанның конструктивтік ерекшеліктерінен мұқият бақылауды талап етеді.

Бақылау сұрақтары

4. Ұршық-сальник деген не?
5. Ұршық-сальник діңінің рөлі қандай?
6. Тәлдік арқандардың іске жарамсыздығы?
7. Арқанның пішінін өзгертуі, сопақшалануы, жалпаюы және жаншылуы

Әдебиеттер тізімі

1. Бондаренко В.П. Методические указания по организации СРС по дисц. "Предупреждение и ликвидация аварий при бурении скважин" для студ. спец. В 5070800 - "Нефтегазовое дело" /В. П. Бондаренко, А. А. Исатаев, С. М. Масатбаева. - Шымкент : ЮКГУ, 2015. - 36 с. Экземпляры: всего:5 -
2. А. С. Садырбаева Ұңғыны жөндеу : 5В070800 - "Мұнай-газ ісі" маман. студ. арналған оқу құралы / [и др.]. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015. - 126 с. Экземпляры: всего:90
3. Самотой А.К. Прихваты колонн при бурении скважин. – М., Недра, 1984, 204 с.
4. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.

Дәріс №11. Тақырыбы: Бұрғылау қондырғысы монифольдінің монтажы, лақтыруға қарсы жабдығы және туындайтын қиындықтар

1. Сораптың қызметі
2. Сораптың тағайындалуы

Сорап монифольдтің ең жауапты элементі болып табылады.


Бұрғылау қондырғыларында жоғарғы тығыздау қысымы бар үлкен қуатты сораптарды қолдану оларға техникалық қызмет көрсету талаптарын жоғарылатты. Бұрғылау сораптарын пайдаланған кезде мынаны ескерген жөн: бұрғылау ерітіндісінің (жуу сұйығының) үлкен тығыздау қысымында насостағы немесе оның орамасындағы ақаулар қауіпті авариялар мен жазатайым оқиғалардың себебі болуы мүмкін.

Сораптардың жұмыс тәртібін, пайдалану шарттарын ереже бойынша сақтағанда және оларға дұрыс және уақытылы қызмет көрсетілуін қамтамасыз еткенде ғана олардың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Бастапқы жұмыстар бұрғылау сорабын жөндеуден кейін сораптың негізде горизонталь орналасуын тексерумен басталады, өйткені сораптың қисаюы

крейцкопфтың және оның бағыттауыштарының тез істен шығуына әкеп соқтырады. Бұрғылау сорабын іске қосардың алдында сыналы раманьдердің күйін байқауды, және де барлық берілістердің қоршалу сенімділігін жүргізу қажет.

Бұрғылау қондырғысы монифольдінің монтажды сұлбасы. 11.1-суретте бұрғылау қондырғысы монифольдінің монтажды сұлбасы көрсетілген.



1-бұрғылау сорабы; 2-стояк; 3-бұрғылау шлангісі; 4-ұршық; 5-жұмыр кран; 6-жұмысшы құбыр переводнигы; 7-бұрғылау құбыры; 8-АБҚ; 9-қашау; 10-сағалық шұңқырдың патрубогы; 11-түсу сызығы; 12-вибросито;13-бұрғылау ерітіндісінің қабылдау сыйымдылығы; 14-ұңғыманың үстеп құю сызығы; А-превентор; В-бітеу сызығы; С-резервтегі бітеу сызығы; D-дроссельдеу сызығы; Е-резервтегі дроссельдеу сызығы; F-дроссельдеу блогы; G-дроссель; Н-дроссельден тастау сызығы; І-газды сепаратор; J-дегазатор; резервтегі қамба.

11.1-сурет. Лақтыруға қарсы жабдығы бар циркуляциялық жүйенің монтаждық сұлбасы

Бұрғылау сорабының жасырын түйіндерін байқау сәйкесінше қақпақтар мен люктерді ашумен жүргізіледі. Клапандар мен олардың нығыздағыштарының күйін клапандық қақпақты ашумен тексереді. Цилиндрлер мен поршеньдерді цилиндрлік қақпақтарды ағытып алып тексереді. Сораптың қозғалмалы бөліктерін байқау сәйкес сорап люктері арқылы жүргізіледі. Ваннадағы майды және оның күйін бақылайды; барлық түйіндердің бекітілуін тексереді.


Пневматикалық компенсаторлар азот немесе ауаның пайдалану нұсқауында көрсетілген қысымымен толтырылуы тиіс.

Сорапты сындық жіберу жіберу ысырмасының толық ашылған жағдайында жүргізіледі. Егер сорап қабылдау сыйымдылығынан жоғары орналасса, онда жіберу алдында сору клапанында сорап қуысын сумен толтырады. Сорап жұмысының басында ашық люктер арқылы крейцкопф пен штоктардың майлануын тексереді, сонан соң люктерді жабады. Сорап жұмысын тексергеннен кейін оның жүктемемен жіберілуін бос жүргізеді.

Бұрғылау сорабын пайдалану кезінде құралдар арқылы оның түйіндерінің күйін бақылайды. Қысымды манометр арқылы анықтайды. Ол, цилиндрлі төлкелерге орнатылған шамаға сәйкес, рұқсат етілген шамадан аспауы тиіс. Сораптың беруін шығын өлшегіш арқылы бақылайды. Клапандар мен цилиндрлер жұмысын тарсыл бойынша бақылайды. Шамадан тыс тарсылдың пайда болуы бұл түйіндер жұмысының нашарлауын білдіреді. Тарсыл штоктың поршеньмен қосылысының немесе цилиндрлі төлкелердің бұзылуынан пайда болуы мүмкін. Подшипниктер мен крейцкопф бағыттауыштары тарсылсыз жұмыс жасауы тиіс. 70^0С-ден жоғары қызуы қабылданбайды

Бұрғылау сорабын пайдалану процесінде гидравликалық және клапандық қораптардағы бақылау тесіктері арқылы сұйықтың ағуын жүйелі бақылап отыру керек. Сұйықтың ағуы нығыздағыш құрылғылардың тозуын және оларды ауыстыру қажеттілігін көрсетеді.

Сорапта және тығыздау құбырөткізгішінде керең соққылардың пайда болуы қосылыстардағы тығыздықсыз арқылы кему салдарынан қысылған газдың болмайымен түсіндіріледі. Анықталған ақауларды жою қажет, өйткені сорапты әрі қарай пайдалану оның істен шығуына әкеп соғады.



Сурет 11.2 - Сорап

Ауыспалы детальдардың гидравликалық бөліктерін алмастыру кезінде оның орнатылу ережелерін міндетті түрде ескеру керек. Ережелерден тыс ауытқу КПД насосының төмендеуіне және де жеке детальдардың бұзылуына әкеп соғады.

Детальдардың біріккен метальдық төбелері міндетті түрде таза, құрғақ және ақауы болмауы керек.

Тығыздау және тығыздалған төбелері міндетті түрде таза әрі құрғақ болмау керек.

Клапандарды және отырғызылатын беттерді ауыстыру кезінде тығыздыққа және тығыздалған төбелерінің жағдайына аса көңіл аудару керек.

Отырғызылатын бетке қақпақша бекіткенде ол міндетті түрде нық, герметиканы қамтамассыз етуі қажет.

Отырғызылатын беттің конусы және клапандық қораптағы ұяшықтар таза, ақаусыз болуы керек. Байқалатын ақаулар немесе кірден көбеюі отырғызылатын бет пен қораптың әрекеттесуінің герметикасын бұзады және қорап ұяшығының жуу сұйықтығының бұзылуының негізгі себебі болуы мүмкін.

Цилиндірлік втулкаларды ауыстыру кезінде гидроқораптыңішкі төбелерін тексеру керек, яғни таза әрі тот дақтарының іздері болмауы керек. Осымен қатар втулкалардың тығыздық жинақтарының дұрыстығына аса көңіл бөлу керек.

Штокқа поршенді отырғызар алдында штоктың конустық төбелері және поршенді толық тазартады және құрғақтай сүртіп, содан кейін поршенді конусты штогына гайкамен нық бекітеді. Поршенді отырғызудағы аз ғана әлсіздік штоктың біріккен төбелерінің және жуу сұйықтығының бұзылуына әкеп соғады.

Осы көрсетілген жұмыстарды қосымша тексереді және реттейді. Кривошиптік подшибниктер және трансмиссистік валдар, істен шыққан сальниктердің бөліктерін алмастырады, саусақтап, втулкалар бағыттаушы және крейцкопфтың төсемдері және де штоктың надставкасы.

Ауыстыруға барлық подшибниктер және стакандар және редуктордың тісті қораптары сонымен қатар барлық тығыздық. Гидравликалық қорапты не алмастырады, не жөндетеді. Гидравликалық қораптардың негізгі ақаулары болады;төбелердің бұзылуы; тығыздықпен әсерлескен цилиндірлік втулкалар және отырғызылатын беттердің қақпақшалары; цилиндірдің қабатындағы жырықтар; қақпақтарды бекіту үшін шпилькелердің сынуы. Сынған шпилькалар белгілі слесарлық механикалық әдістемелермен алынады. Ұяшықтын қақпақшаларының бұрғылаудағы жуу сұйығының соңғы төбелері гидравликалық қораптарда келесі механикалық өңдеулер қажетті түрлері мен өлшемдерін алу үшін. Ұяшықтардың қақпақшаларының бұзылған төбелерінің шойын және болатты гидравликалық қораптардың тез қалпына келуі және шығындалған втулкалар ішкі шекті төбелер отырғызылған беттердің қақпақшалары болуы мүмкін.

Кривошиптің саусақтарындағы подшибниктің осьтік люфті саусақ арасындағы және бекітпе шайбасының аралығын реттейді. Осымен қатар келесідей аралықта осьтік люфті мен подшибник арасындағы қалындық аралығы 0,15-0,25мм аралығында алынады. Крейцкопф пенбағытталғанның арасындағы үлкейтілген саңлаулар орнатылған аралықта крейцкопфтың бөлігінің аралығын шеттетеді немесе оларды алмастырады. Жинақталған крейцкопф бағытталғанға еркін және соққысыз қозғалуы керек. Істен шыққан қола втулкалардың шатундары нығыздалады және жанадан орнатылған, яғни крейцкопф саусақтарына бекітілген болуы керек .

Насостың гидравликалық бөліктерін жинақтау кезінде әрекетескен төбелердің тазалығына және жатқызылу беттерінің беріктігіне аса көңіл аударылады. Жергілікті саңлаулардың кез келген үлкендігі, яғни бұрғылау сұйығының өтуіне рұқсат етілмейді. Олар детальдардың гидроабрацивті жууының негізгі себебі болып табылады.

Жатқызылған беттердің шеткі төбелерінен отырғызылу беттерінің қақпақшаларына ұяшық қақпақша қораптың төбелерінің әсерлесу сырға тексеріледі және ені 15мм-ден аз болмайтын толық сақина құрастырылуы керек.

Штоктың жатқызылу бетінің шеткі төбелері және поршень сақинамен біртұтас болуы керек және 60% конустың төбесін алу керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Сорап дегеніміз не?
2. Түзу қозғалатын сорап қалай аталады?
3. Екі реттік қозғалыстағы сорап қалай сипатталады?
4. Диференциалды қозғалыстағы сорап қалай сипатталады?

Әдебиеттер тізімі

1. Пустовойтенко И.П. Предупреждение и ликвидация аварий в бу-рении. – М.: Недра, 1984.
2. Гоинс У.К., Шеффилд Р. Предотвращение выбросов. – М.: Недра, 1987.
3. И. Г. Яковлев, В. П. Овчинников, А. Ф. Семененко, Т. М. Семененко Предупреждение и ликвидация осложнений, аварий и брака При строительстве скважин Тюмень : ТюмГНГУ, 2014. — 156 с

Дәріс № 12. Тақырыбы: Қозғалмалы және айналшақты роторлар, пайдалану кезіндегі қиындықтар және алдын алу.


1. Ротордың жұмыс істеу принципі
2. Ротормен болатын ақаулар

Роторлы және қозғалмалы айналшақты монтаждау және экспуатациялау роторы дұрыс және жаңаша бақылап қарау роторды қысқаннан кейін келесі жұмыстарды тексереді.

1. Ротордың дұрыс монтаждалуы.
2. Ротор үстеліндегі статорлық құрылғының жағдайы. Қосқан кезде және ротордың статорлық құрылғысы жұмыс үстелінде вшық күйінде болуы қажет, өйткені ротор қосулы күйінде статорлы құрылғы жабық болса, оның үзелдерінің біртіндеп сынуына әкеп соғады.
3. Тісті берілістің жағдайы және қолмен істейтін бастың валдық подшивниктерінің жағдайы. Басты вал, бір жұмыстағы шынжырлы дөнгелек оңай айналу қажет. Қажалусыз және соққысыз болуы керек.
4. Вкладыш және зажимдердің біріктіретін защелктердің жағдайы. Защелктер қолмен оңай айналуы керек.
5. Пневматиналық клиньдердің жағдайы. Сондықтан басты назарды клиньдердің біріктіріліп бастаушыға қарай және плашектер мен клиньдердің біріктірілген жағдайына аудару.
6. Клиньдердің ауырлықсыз жұмысы.
7. Ротордағы майланудың мөлшері және сапасы, және де клиньдердің

қажалатын үстерінің майлануы.

8. Галбналардың біріктірілген жағдайы және сенімділігі, шпилкалар және пробкалардың жағдайы.



1-ротор қақпағы, 2- стол, 3-негізгі тіреу, 4-ішпек, 5-қыспақ, 6- дөңгелек,7-білік, 8- стақан, 9-тұғыр, 10 - конустық тістегершік, 11- фланец, 12-көмекші тірек, 13-болат төсеме, 14-радиалды паз, 15-шынжыр жұлдызша

12.1 сурет – УР-500 бұрғылау роторы

Роторды эксплуатациялау процесінде әрбір вахталық жұмыс алдында және жұмыс кезінде келесі жұмыстарды орындайды. Барлық түйіндердің бекіту беріктігін тексеріледі, бұнымен бірге бағытталатын бекітілген сынаға және сынадағы планетаға (соңынан түскендері апатқа ұшырайды), ерекше назар аударады; май ыдысына кір түспеуі үшін ротор стол бетін жуады; ротордағы деңгеймен жағылау сапасын бақылайды; эксплуатциалау бойынша инструкцияға сәйкес үйкелген бетіне майлап және ауыстырып отырады; негізгі білік ныгыздалыуы арқылы май ақпауын қалпы бақылайды және подшивник темпыратурасы 70 жоғарлағанда жумысты тоқтатады және подшивник ала қыздырылған бөлігін алады. Степр құрылғыларды және шертпенің түзетіліуін ба бақылайды. 1с пестесінде ротор жұмысы кезіндемүмкін дефектілер және жою әдістері келтірілген. Ротордың дефектті немесе сынғандығы пайда болған кезінде жұмысты тоқтатып жөндеу жүргізіу керек. Ағымды жөндеу кезінде реторды бөлшектерді немесе негізгі емес детальды ауыстырады (Қысқыштар, шынжырлы доңғалақтар, және.т.б), ақауланған бекітілетін детелдарды


ауыстырады. Шертпелі және басқа ұсақ детелдерды жөндейді, майын аустырады.

Кесте –12

Мүмкін дефектілер	Дефектілер себептері	Дефектілерді жою әдістері
Ротор корпусы аса қызады	Май ыдысында май өте көп немесе жеткіліксіз, майдың лас болуы	Деңгейге дейін майды қосу немесе артық майды азайту, майды ағызып, ыдысты жуу немесе жаңа маймен ауыстыру, тығыздалу қалпын тексеру Саңлауөсіне қатысты ротор центрінің дұрыстығын тексеру және сәйкес келмеу жағдайында центрін анықтау.
Ротордың бір жақты қызуы	Ротор столының центр төбесінің сәйкес келмеуі	
Ротор столы айналу кезінде дірілдейді	Стол тіреуішінің үлкен мофті	
Ротор столының қажалуы Біліктің үлкен мофті	Тірек подшивниктің мофтісі реттелген	
Ротор столындағы жақтың қажалуы	Ротор столынан тіреуіш қатарынан шығуы Білік подшивниктің тозуы	
Ыдыстағы май тез ластанады	Стол ұяшығының бұрышына жабыстырылуы	
Конустық жұп соққымен жұмыс істейді	Ыдысқа жуғыш сұйықтықтың түсуі Конустық жұптың тістері арасындағы саңлау дұрыс реттелмей, тістердің көп пайдалануы және сынуы	Люфті мөлшерін реттеу Роторды жөндеуге жіберу Роторды жөндеуге жіберу Стол ұяшығы және жақтар бұрышында 10 *45^0 фаскасын кесу Лабиринтті тығыздық жөндеуін тексеру Конустық жұптың біліктік қақпақшасының астындағы қабаттағы тістер арасындағы саңылауды ретеу, тістердің үлкен сынуы кезінде

Конустық жіберілуде үлкен роторлық айналу моментінің берілуіне келтіріледі. жұмыс кезінде соққы тістердің сынуы болып табылады. бақылауды кіші шестернядан бастау керек. модульдің 10 – 12 % қалыңдығы бойынша тістің сынуы тісті өлшегішпен анықталады, сондай ақ тістің сынуы кезінде шестернялы ротор бойынша жаңасына ауыстырылады. білікке орналастыру үшін шестерняны 100 – 120 C^o қыздырады. жөндеу кезінде шір бөлшектенбейді, өйткені осы жақсы орныққан столмен байланысқан. жөндеу сыртқы конус бойынша тістер бетінің егелуіне бөрененің кесілуіне келеді. тістің қалыңдығы бойынша өңдеу кіші шестерня тістер қалыңдығымен сәйкестенеді. Тістер сынған кезде шірді жаңалайды. бұнымен ескі шірді автогенді қыздырғышпен кеседі. жиылған конустық берілісте шекті саңлау механикалық талапқа сәйкес шегінде орналасу керек.

Монтаж және қозғалмалы эксплуатациялық айналым. Бірінші қозғалмалы айналым жобасы мұнай – газ жұмысында 1986 жылға жатады. Қозғалмалы айналым құрылымының біреуі 12.2 – суретте көрсетілген.



1 – гидродвигатель; 2 – втулка; 3 – қосылу муфтасы; 4 – біріншілік білік; 5 – шестерна блок; 6 – аралық білік; 7 – шестерналар; 8 – тісті дөңгелек; 9 – шықпалыбілік; 10 – рычак; 11 – білікше; 12 – сүйеніш втулкасы; 13 – жуылу сальнигі; 14 – сүйеніш подшивниктері.

12.2 – сурет. Айналмалы бұрғылау қондырғысы УРБ – 2А – 2.

Қозғалмалы айналымның басқалармен салыстырғанда біршама артықшылығы бар:

1) үлкен қадам берілісіесіз қамтамасыздандырады (8 – 10 m) және құрал өтпелілігі ұңғыма забойынсыз.
2) Кез – келген ұңғыма бағытына толтыру мүмкіндігі бар.
3) Қозғалмалы айналым және УПИ – дың үлкен қолданысында көтермелі

құрал орнына ұңғыма ауызынан босату операциясы қарастырылмайды.

4) Бұрғылау трубасының кез – келген дяметріне қарамастан пайдалану мүмкіндігі бар.

5) Бұрғылау біруақыттың басты отырғызу қаталының қиындатылған өту жағдайына қондыру мүмкін. (Валдық – малта тастық, құмда, жүзгіде және т.б

6) Зажамды оқтарының жоқтығы, айналмалы момент және күшейту берілісінің ұзындық мүмкіндігін шектейді.

7) УПИ қолдану кезінде лебетканы шектеу есебінен қазба қондырғылар құрлымдары және көтергіштер есебінен мүмкін.

8) Қоғалмалы айналым кезінде проецестың өсіуі автоматтандырылады және механикаландырылады. Қозғалмалы айналыммен орнату жетеіліксіздігін есепке алу керек:

1. Маңызды қаттылық қондырғысына бағатталған құрылғылар қажеттілігі.

2. Құрал-сайманға қосымша жүктememен бұрғылау кезінде белгілі қаттылықта құбырлардың қолдану қажеттілігі.

Бақылау сұрақтары

1. Ротор монтажының ерекшелігі қандай?
2. Қозғалатын айналым монтаж ерекшелігі қандай?
3. Айналым элементінің көбірек шығымына
4. Ротор қандай кемшілік пен артықшылыққа ие?
5. Қозғалатын айналым қандай кемшілік пен артықшылыққа ие?

Әдебиеттер тізімі

1. Басарыгин Ю.М., Булатов А.И., Проселков Ю.М. Осложнения иаварии при бурении нефтяных и газовых скважин: учеб. пособие для вузов / ООО «Недра-Бизнесцентр». – М., 2000. – 677 с.
2. Инструкция по классификации, расследованию и учету аварий при бурении скважин на нефть и газ. - М.:ВНИИОЭНГ, 1979. - 26 с.
3. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.
4. Временная инструкция по применению наполнителей для предупреждения и ликвидации поглощения бурового раствора при проводке скважин. РД 39-2-827-82. Б. Курочкин и др. – М., 1984.

Дәріс 13. Тақырыбы: Ұңғы жабдықтарының коррозиясы және күрес әдістері.

1. Коррозия
2. Ұңғыманы пайдалану кезінде құбыр металдарының коррозиялық бұзылуы
3. Коррозиялық зақымданудың типті түрлері

Коррозия–химиялық электрохимиялық реакциялардың нәтижесінде металдардың бұзылуы. Физикалық себептерге байланысты бұзылу коррозия емес, уатылып тозу деп аталады.

Кейде физикалық бұзылудың химиялық әсері **коррозиялық эрозия** деп аталады. Бұл анықтама бейметал материалдарға қолданылмайды. Пластмасса шытынап кетуі мүмкін, ағаш шіріп, гранит уатылуы мүмкін, бірақ коррозия ұғымы металдарға, оның химиялық әсерлеріне қатысты.

Тоттану деп – темірдің және оның құймасыда, құрамында гидратталған темір оксиді болатын коррозия өнімдерінің пайда болу процесі. Түсті металдар коррозияға ұшырамайды, бірақ тоттанбайды. Коррозиялық реакцияларды жақсы түсіну үшін химия негіздерін білу керек және металлургия негізімен таныс болу керек. Сондықтан оны білу биология мен химияны, медицинаны зерттеумен бірдей. Химия мен металлургия коррозияны зерттеуде негізгі фундаменті болып табылады.

Коррозиялық үрдістер коррозиялық қираулар, металдың ортамен әрекеттесу сипаты, үрдістің өту шарттары бойынша түрленеді.

Қираулар түрі бойынша: тұтас (коррозия металдың барлық бетінде таралады); жергілікті (коррозия тек беттің жеке жерлерінде болады); жалпы, ол өз алдына бөлінеді: біркелкі (коррозия металдың барлық бетінде бірдей жылдамдықпен өтеді), таңдаулы (коррозия металдың компоненттерін ғана бұзады).

Қирау типі бойынша: дақты коррозия, жаралы, нүктелі немес питтингалы, қуысты, жіптәріздес, кристалл аралас, пышақты, коррозионды сызаттану.

Металдың ортамен әрекеттесі сипаты бойынша: химиялық (электролиттер емес – сұйық және құрғақ газдар, яғни белсенді ортамен химиялық әрекеттесу кезіндегі қираулар); электрохимиялық (екі жеке бірақ өзара байланысты үрдістер – анодты және катодты өтуі кезінде электролит әсерінен қирау); анодты электрохимиялық коррозия – металдың еруінен болатын тотығу үрдісі; катодты элетрохимиялық коррозия – орта компоненттерінің электрохимиялық тотықсызданыуынан болатын қайтару үрдісі.

Үрдістің өту жағдайы бойынша:газды (жоғары температурада және беттің үстінде ылғал болмау кезінде); атмосфералы (ауада, ылғалды, сулы және құрғақ атмосферада); сұйықты (сұйық ортада, электролитте, электролитте емес); жер асты (топырақ пен жерде болатын тұздардың әсерінен); биокоррозия (микроорганизмдер немесе олардың өмір сүру өнімдерінің әсерінен); электрокоррозия (сыртқы тоқ көзінен немесе адасқан тоқтың әсерінен); қуысты (электролиттерде пайдаланатын тар қуыстыранда, бұрандалы және фланецті металды жабдықтардың қосылыстарында, металдың оқшаулау материалының толық түйіспеген жерлерінде); түйіспелі (әртүрлі металдардың электролитте түйісуінен); коррозиялық кавитация (коррозиялық және соққылы әсерлердің бірігіп әсерлерінен); коррозионды эрозия (белсенді және механикалық қажалуының бірігіп әсерлерінен) және т.б.

Ұңғыманы пайдалану кезінде құбыр металдарының коррозиялық бұзылуы

Шегендеуіш құбыр металының коррозиялық бұзылуы мен мүмкін талқандалу зоналары өндіретін ұңғымаларда да, айдау ұңғымалары да байқалады. Айдау ұңғымаларда құбырлардың коррозиясына әсер ететін негізгі факторларға айдалатын судың ерітілген оттегі құрамы, минерализация сұйық қозғалысының жылдамдығы мен температурасы жатады. Өндіретін ұңғымаларда сұйықты құбыраралық кеңістік арқылы көтеру кезінде ұңғыманың сулануының ұлғаюы шегендеу тізбектердің коррозиясын үдетеді.

Жер асты және жер үсті жабдықтарда коррозияның өту жылдамдығына келесі факторлар топтары әсер етеді:

1. Мұнай өндіру кезінде техникалық және технологиялық факторлар (ұңғының түрі; өндіру тәсілі; газсұйықты қоспаның ұңғыда қозғалу режимі және өнімділігі; түптегі және сағадағы қысым; температураның оқпан бойымен таралуы, ұңғының құбырсыртындағы кеңістігінде сұйықтың деңгейі және газауалы ортаның құрамы).

2. Ұңғыдан өндірілетін өнімнің физика-химиялық қасиеттері мен құрамы (өндірілетін мұнайдың құрамы мен қасиеті; мұнаймен бірге ілесіп өндірілетін судың құрамы мен қасиеттері; ілеспелі мұнайлы газдың құрамы мен қасиеттері және онда күкіртсутек және екіотттегілі көміртек сияқты коррозиялы-белсенді заттардың болуы; өндірілетін өнімде су және мұнайдың қатынасы, олардың бір бірінде таралу фазаларының таралуы; метал бетінде қорғу пленкалары бола алатын ұңғы өнімдерінде органикалық және бейорганикалық парафин, шайыр, темір сульфиді, кальций карбонаты, магний карбонаты, темір карбонаты сияқты заттардың болуы; сұйық арынында образивті заттардың - құм, темір сульфиді, тұз кристаллдары, топырақтардың болуы; бактериялардың орта pH-ның болуы).

3. Сыртқы факторлар (температура, белсенді ортаның жылдамдығы, оттегінің концентрациясы және қысымы; ортамен түйісі уақыты; мұнайды өндіру және дайындау дың технологиялық үрдістерінде қолданылатын химиялық реагенттер; сыртқы тоқпен поляризациялау және т..б.).

4. Ішкі факторлар (металдың табиғаты және құрамы; металдың кристаллды құрамы; метал бетінің күйі; металдағы кернеулер; металдың термодинамикалық тұрақтылығы және оның периодты элементтер жүйесіндегі орны; металды пісіру кезіндегі ақаулар).

"Грознефть" бірлестігі құрамында 0,4 мг/л-ге дейін ерітілген оттегі, сағасында 2%-ке дейін көмірқышқыл газ, 400 мг/л дейін жалпы минерилизациясы 40-70 мл/г аз молекулалы органикалық қышқыл болатын қабат суының агрессивтілігімен анықталады. Түптік температурасы 160^0С-қа жетеді. Айта кететіні, шегендеу құбырларының коррозиялық қарқындылығы сорапты компрессорлы құбырлардың және шлейфті құбыр тізбектерімен салыстырылды. Мұндай тәсіл нәтиженің дәлдігіне кепілдік бермейді. Алайда мақсатқа жетудегі қарапайымы болып табылады. Коррозия жылдамдығы пайдалану кезеңінде құбырлардың жаралы зақымдарының тереңдігімен анықталды. Зерттелу нәтижесі бойынша сорапты-компрессорлы құбырлардың орташа коррозия жылдамдығы жоғары (тереңдігіне 1,75-5,5 мм-ге дейін) және тесілу зақымдары 0,26; 0,36 мм/жыл құрайды.

Карбонаттардың біркелкі емес сипаты құбырлардың өне бойының Гальванопардың түзілуіне себепші болатын құбыр қабырғаларында тұз бен парафин шөгінділерінің шашыраңқы сипаты болып табылады.

Құбыраралық кеңістік арқылы суланған өнімді жинау пайдаланудың 1-2 жылында құбырлардың тесілуі зақымдануына әкелуі мүмкін.

Күкіртсутектің қатысуы (H_2S) қабат суының агрессивтілігін күрт өсіреді. Сонымен қатар көмірқышқылдың екі оксиді (CO_2) ұңғыма өнімінің коррозиялық-активті компоненті болып табылады. Келісімді, егер игерудің басынан бастап, ұңғыма өнімінде H_2S және CO_2 пайда болуының микробиологиялық сипаты ескеріледі.

Биокоррозия шегендеуіш колонна құбырлары мен жерасты жабдығын зақымдайды және қабатқа айдалатын су көлемінің ұлғаюына байланысты үдей түседі. Редуцирленген H_2S су айдау үрдістерінің қабаттағы қозғалысына, ұңғымадағы мұнай жинау және дайындау жүйелерінің айналымына қатыстырылады. Биоциноз мұнай өндіру обьектілерінің көп көлемде қатыстыра отырып, уақыт бойынша күшейе түседі.

Өнімдегі H_2S құрамы бастапқы кезеңмен салыстырғанда 0,04-тен 100 мг/л-ге СВБ құрамы 105 кл/ мл-ге жетті. Мұндай ортада метал коррозиясының жылдамдығы 0,575 г/ $м^2$ жетеді. Ұңғыма құрылысы кезінде қосымша фактор ретінде коррозиялық үрдістердің ағымына жағдай тудыратын қатты фазадағы ерітінділерді қолдану болып табылады. Оның ішіндегі негізгі ауырлағыштары барит немесе гематит болып табылады. Бұл ерітінділерді пайдалану құбырлардың қабырғаларында көп көлемдегі жуу-тазалау жұмыстарына берілмейтін батпақты қабықтың қалыптасуына әкеледі. Құбыраралық кеңістікке ингибиторлы ерітінді айдаудан кейін және тәртіп бойынша ұңғыма бір айдан бірнеше жылға дейін пайдалану басталғанша тұрып қалады. Бұл сағаны қондырғылау, қатынас жолдарын монтаждау және түсіру, жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты.Ұзақ уақытқа тұрып қалғанда бұрғылау ерітінділерінің қалдықтарында диффузия үрдістері және тығыздығы бойынша қалыптасқан эмульсияның кезекті седиментациясы жүреді. Бұрғылау ерітінділерінің қалдықтары және минералданған сулар құбыраралық кеңістіктегі пакер үсті зонасын толтырады. Құрамында минералданған су және қышқыл компоненттер болғандықтан, мұндай орта пакер үсті зонасында электро-химиялық коррозияға жағдай жасайды.

Коррозиялық зақымданудың типті түрлері:

- Құбыр қабырғаларының қалыңдығымен салыстыратын дара залалды өлшемдер құбырдың ішкі және сыртқы бетінде байқалуы;
- Негізгі СКҚ-ның ішкі бетінде табылған жоғарғы тығыздықтағы нүктелік зақымданулар;
- Құбырлардың сыртқы кеңістігінде орналасқан қабыршақ құрылымды темір сульфидтерінен тұратын коррозиялық қабаттар зонасындағы бірнеше мм-ден 5-8 см-ге дейінгі өлшемдегі дара тесікті зақымданулар;

- 3500 м-ден төмен тереңдікте СКҚ-дың ішкі кеңістігінде анықталатын негізінен резбалы түйіндесулерге жақын құбыр металының сақиналы коррозиясы;

- Ағынды сипаттағы ұзындығы 100 мм-ге, тереңдігі 5 мм-ге дейін 3200 м-ден төмен түсірілген 91 ұңғымада СКҚ-қ ішкі осындай жолмен, Астрахань ГКМ-ң ішкі кеңістігінде табылған, ұңғымалардың пайдалану колонналары агрессивті бойлай зақымданулар орта тарапынан күшті коррозиялық әсерге ұшырайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Коррозия дегеніміз не және ол неге алып келеді?
2. Тоттанудың қандай түрлері болады?
3. Топырақты коррозия қалай пайда болады?
4. Коррозияға карсы ингибиторларының түрлері.

Әдебиеттер тізімі

1. А. С. Садырбаева Ұңғыны жөндеу : 5В070800 - "Мұнай-газ ісі" маман. студ. арналған оқу құралы / [и др.]. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015. - 126 с. Экземпляры: всего:90
2. И. Г. Яковлев, В. П. Овчинников, А. Ф. Семененко, Т. М. Семененко Предупреждение и ликвидация осложнений, аварий и брака При строительстве скважин Тюмень : ТюмГНГУ, 2014. — 156 с.
3. «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы», Оқу құралы /А.К. Тәжібай, Г.Б. Оразбекова, А.Б. Марқабай/ Нұр-Сұлтан: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020 ж. - 292 б.

Дәріс 14. Тақырыбы: Теңіз кен орындарында апаттардан қоршаған ортаны қорғау

1. Теңіз және мұхиттың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануының негізгі көздерінің жіктелуі
2. Теңіздегі апаттардың ең типтік себептері

Қоршаған ортаны қорғау қазіргі замандағы маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Бұл проблеманың маңызды бөлігі – судың мұнай және мұнайөнімдерімен ластануына қарсы күресу болып табылады.

Теңіз және мұхиттың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануының негізгі көздерінің жіктелуі

Теңіздің мұнаймен және оның өнімдерімен ластану танкерлерді айлақтарда жүктеу және жүксіздендіру кезінде мұнайдың ағып кетуінен, танкерлердің апаттары кезінде, балласты судың теңізге лақтырылысынан, теңізде және суастында ұңғымалар мен мұнайқұбырөткізгіштердегі апаттардан, жағалаулық мұнай тазартқыш және өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтарының теңізге лақтырылысының әсерінен болады. Теңіз ластауының негізгі көздеріне:

– мұнай және оның өнімдерін теңізде тасымалдау;

– мұнай, газ және газдыконденсатты ұңғымаларды бұрғылау және пайдалану;

– ұңғылардағы және құбырөткізгіштегі, және т.б. апаттар жатады.

Аталған көздердің келтірілген тізбегі ластанудың қаупіне және қарқындылығына сәйкес келеді.

Пайдалану көздеріне:

– ұңғыны бұрғылау кезінде;

– мұнайгазды өндіру кезінде;

– теңіз ұңғыларының өнімдерін дайындау және тасымалдау кезінде мұнайдың ағып кетуін жатқызады.

Апаттыларға: ұңғымаларды бұрғылау, игеру, пайдалану кезінде фонтанның атқылауы және лақтырылысы, суасты өнімөткізгіштердің, магистралды мұнайөткізгіштердің жарылысы, сонымен қатар суасты және субеті мұнай қоймаларының жарылысы мен апаттары жатқызылады. Теңізді ластаудың апатты көздеріне, сонымен бірге оның флорасы мен фаунасына үлкен қауіп туғызатын суасты грифондар жатады.

Теңіз мұнайгаз кенорындарын игерудің технологиялық үрдісі:

1. ұңғыларды бұрғылау;

2. оларды сынау;

3. мұнай және газды өндіру сияқты үш негізгі сатылармен қиыстырылады.

Теңіз мұнай, газ кен орындарын барлау және игеру кезінде теңіз ластануын игерудің аталған әрбір сатысындағы қолданылатын үрдістердегі барлық мүмкін көздерін білу қажет.

Теңіздегі апаттардың ең типтік себептері - жабдықтың бұзылуы, қызметкерлердің қателіктері және дауыл желдері, сейсмикалық белсенділік және т.б. сияқты төтенше табиғи құбылыстар. Мұндай апаттардың негізгі қаупі, мұнайдың, газдың төгілуі немесе шығарылуы және басқа химиялық заттар мен компоненттердің массасы қоршаған ортаға ауыр зардаптарға әкеледі. Мұндай апаттар әсіресе жағалауға жақын жерде, таяз суларда және су айналымы баяу жерлерде болған кезде қатты әсер етеді.



Сурет 14-Теңіздегі апаттар

Мұнай және газ кеніштерін игеруде гидрометеорологиялық жағдайларды мұқият зерттеу әбден қажет. Бұл қорғалмаған, ауыр гидрометеорологиялық жағдайларда акваторияларда гидротехникалық құрылыстарды тұрғызу және пайдаланумен байланысты. Қоршаған ортаның экстремалдық жағдайларында бұл құрылыстар апаттық әсерлерден бұзылмауы керек және кеніште пайдалану кезеңінде (25-30 жыл) жұмыс жасауын қамтамасыз етуі тиіс.

Мұнай және газ кеніштерін игеруді жобалағанда, гидрометеорологиялық ақпараттардың әртүрлі болжамдары талап етіледі. Техникалық-экономикалық дәйектемелерді жасағанда, жеткілікті ірі фадациялардағы салыстырмалы үлкен акваторияларға жататын гидрометеорологиялық мәліметтер қажет. Теңіз гидротехникалық құрылыстардың орындарын жобалау кезінде, кеніш алаңындағы гидротехникалық құрылыстардың орналасу үлгілерін және ортаның бұл құрылыстарға әсерлік дәрежесін анықтау үшін көптен-көп толық және үлкен көлемдердегі мәліметтер талап етіледі. Бұған мынадай негізгі мәліметтер кіреді:

- Толқындардың максималды биіктігі және оның кезеңі;
- Жел және ағыстардың максималды жылдамдығы;
- Су деңгейінің экстремалды өзгеруі;
- Толқындардың биіктігі мен кезеңдерінің тағайындалуы, жел және ағындардың жылдамдықтарының тағайындалуы;
- Ағындардың профильдері, жел және толқындардың спектрлері, толқындардың ерекшеліктері;
- Жел және толқындардың параметрлері және жылдамдықтары.

Теңіз суларындағы металдардың коррозиясы

Теңіз суларында металдардың коррозиясына оттектік деполяризация тән. Мұнда коррозия үдерісі келесідей бөлінеді: металл бетінде катодтық, ал

тотықтар қабыршақтарының сызаттары мен басқа да ақауларында – анодтық үдеріс жүреді. Бұл металдарда жалпы коррозиядан басқа питтингтік және жаралы бұзылулардың болатынын негіздейді. Теңіз суындағы болаттың коррозияға ұшырау жылдамдығы 0,1-1 мм/г. Теңіз атмосферасындағы коррозия теңіз суымен салыстырғанда біршама әлсіз келеді.

Теңіз суларындағы металдардың коррозия жылдамдықтарына әсер ететін факторлар:

1. Теңіз суының қозғалуы оттегінің металл бетіне келуін үдетеді, бұл коррозия жылдамдығының өсуіне алып келеді;

2. Теңіз суы температурасының өзгеруі де әсер етеді. Бұл төмендегідейтүсіндіріледі: оттектік деполяризациямен жүретін бейтарап ортадағы металдардың электрохимиялық коррозиясы оттегі диффузациясына тікелей байланысты. Температураның жоғарылауымен бірге оттегіні келтіру жылдамдығы да өсе түседі, яғни коррозия жылдамдығының артуына алып келеді. Температураның ары қарай жоғарылауында ертіндіден оттегі бөлініп, оның ертіндідегі концентрациясы төмендейді, бұл коррозия жылдамдығының төмендеуіне алып келеді.

3. Теңіз суларындағы тұздардың да тигізетін әсері бар. Кремний қышқылдық қосылыстар және көмірқышқылды кальций металл бетінде тұнып шөгіп қалады да, қорғаныстық әсерді қамтамасыз етеді. Иод және бром қосымша катодтық деполяризаторлар қызметін атқарады және металл коррозиясын үдете түседі. Күкіртті сутек металдардың иондарын қиын еритін сульфидтерге байланыстырады және коррозия үдерісін үдетеді, электрохимиялық коррозияның катодтық және анодтық үдерістерінің жүруін жеңілдетеді.

4. Металл бетін кезеңдікті сулау коррозиялық үдерісті одан әрі күшейтеді.

5. Металдың біртекті болмауы себебінен тотқақ (окалина) катод рөлін атқарса, негізгі металл – анод рөлін атқарады.

6. Жіктердің, саңылаулар, ойықтардың болуы коррозиялық үдерісті қарқындатады, себебі нашар аэрация металдық еруіндегі анодтық үдерістің жүруін жылдамдатады.

7. Кезбе тоқтар.

8. Биокоррозия (жерасты құрылымдарын тірі ағзалардың және теңіз өсімдіктерінің өсіп кетуі) сыртқы қорғаныстық жабындарды зақымдайды және металдардың бұзылуын үдетеді. Кейбір тірі ағзалар (мысалы, мидиялар) коррозиялық үдерісті біршама баяулатады, себебі олар көп оттегіні тұтынады.

9. Теңіз суларында түрлі металдардың түйісулері анодтық металдың тез зақымдалуына алып келеді (көбінесе болат).

Металдарды теңіз суларында коррозиядан қорғаудың тәсілдері келесілерге негізделеді: металл беттерін тотқақтардан, тоттан тазарту және оны лактармен, этиленді сырлармен, фенолформальдегидті мастикамен, таскөмірлі немесе битумдық негіздермен жабындау.

Бақылау сұрақтары:

1. Теңіздегі апаттардың себептері неде?

2. Теңіз мұнайгаз кенорындарын игерудің технологиялық үрдісі?
3. Теңіздегі апаттардың ерекшеліктері?

Әдебиеттер тізімі

4. «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы», Оқу құралы /А.К. Тәжібай, Г.Б. Оразбекова, А.Б. Марқабай/ Нұр-Сұлтан: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020 ж. - 292 б.
1. В. П. Бондаренко. Предупреждение аварий и осложнений при бурении добыче и транспортировке нефти и газа : Сборник кейсов для студентов специальности 5В070800 – Нефтегазовое дело / - Версия . - Шымкент : ЮКГУ, 2017 о=эл. опт. диск (CD-ROM) Экземпляры: всего:1
2. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537

Дәріс 15. Тақырыбы:Су бетінен мұнайды және мұнай өнімдерін оқшаулау

1. Су бетін тазалау және мұнай төгілуін оқшаулау
2. Мұнайды су бетінде орнында жағу әдісі

Су бетін тазалау және мұнай төгілуін оқшаулау үшін әртүрлі қызмет принциптеріне негізделген қондырғылар бар. Төгілген мұнайды бөлек тәсілдермен және техникалық құралдармен немесе олардың кешенімен жояды. Кешен мұнай ластануын жайылдырмауды, мұнайды механикалық құралдармен жинайды, оны сорбенттермен жұтылуын, мұнайды жағуды, мұнай қабатшаларын химиялық немесе биологиялық препараттармен ыдыратуды қамтамасыз етеді.

Су қойманың бетін мұнайдан және оның өнімдерінен тазарту –
факторлармен:
– мұнайдың жоғарғы тұтқырлығымен, ол оның судан бөлінуімен;
– тазалау ауданының үлкендігімен;
– жел және ағыс әсерінен мұнай дақтарының жылжымалығымен;
– гидрометеорологиялық жағдайлармен және т.б. қиындатылады

Мұнайды су бетінен кетіру тәжірибесінде *термиялық,механикалық, гидробиологиялық, физикалық-химиялық әдістер* кең қолданылады. Бұл әдістің артықшылығымен бірге олардың кемшілігін де білген жөн.

Термиялық тәсілде (мұнайды жағу) теңіз стационарлы және жылжымалы инженерлік ғимараттар теңіз бетінде ағыстың не желдің әсерінен жылжитын мұнай жазықтығында жанған дақтың эпицентрінде болуы мүмкін.

Гидробиологиялық тәсілдің кемшіліктері – теңіз суының 10ºС төмен температурасында бактериалдық ыдыраудың тоқтауы және төгілген мұнайды пайдаланудың мүмкінсіздігі.

Механикалық әдіс қымбат техникалық құралдардың қолданысын қажет етеді. Сонымен қатар, теңіз бетінде механикалық жинау жерлерінде мұнайдың жұқа қабатшасы қалады, ал судағы көмірсутектің концентрациясы нормаға тек 300-400 тәуліктен кейін ластану аймағын тазалаған соң жетеді.

Физикалық-химиялық әдіс диспергенттер бентосына және басқа да химиялық препараттарға кері әсермен, мұнайдың өзінің массасымен салыстырғанда, төмен жұтымдылығымен сипатталады.


Мұнаймен ластануды жайылдырмаудың негізгі техникалық құралдары ─ бондық қоршаулар.

Бондық қоршаулардың құрылысы қалқымалы (жүзбелі), экрандаушы және балласты бөліктерден тұрады. Бонның жүзбелі бөлігі ауамен толтырылған жеке дара қалқымалар түрінде болуы мүмкін.

Экрандау бөлігі бонның жүзбелі бөлігіне бекітілген және орнықты болу үшін балласты шынжырмен, құбырмен жүктелген иілгіш қатты пластина түріндей болып келеді.

Қазіргі кезде шетел фирмаларымен шығарылатын бонқоршауларының шамамен 150 түрі белгілі.

Акваторияда бонды қорщау қондырғысының U-тәрізді тәсәлі бір бағытта ұзақ уақыт жүретін жел және ағыс әсерінен ығатын (*9.3-сурет*) мұнай төгінділерін жайылдырмау үшінқолданылады. Қоршау лар якорлерде екі ұшында немесе қалқыма құралдар көмегімен ұстанады нетрал ретінде сүйреленеді. Қоршаудың әрбір ұзындығы қажет болғанда (ірі төгінділер кезінде), бонды зәкірлерде әрбір 30-45 м аралықта орнатады.



15.1-сурет. Мұнай, газ өндіру аймағында мұнайды жинау және қоршаудың типтік сұлбасы:1 – буксир; 2 – 200 м бондар «Т-Т»; 3 – мұнайжинау құрылғысы; I – қозғалыс бағыты; II – мұнайдың төгілуі

Теңіздің ластанған учаскелерінің бетінен мұнайды және мұнай өнімдерін механикалық жинаудың техникалық құралдарын: мұнай жинау қондырғысы және арнайы жабдықталған мұнай жинау кемелері деп 2 топқа бөлуге болады.


Қозғалу және бекіту тәсіліне байланысты мұнай жинау қондырғылары: өздігінен жүретін, стационарлы, сүйретілетін және сорапты болады, ал мұнай және мұнай жинау принципі бойынша абсорбционды және адгезиондық, шектік (порговые), ортадан тепкіш, сорғыш деп бөлінеді.

Мұнайөндірістік шаруашылығының ашық фонтандау, суасты мұнай құбырларының жарылысы, сонымен қатар табиғат апаттарынан (дауыл, құйын, мұз басу, т.б.) бұзылуы кезінде мұнайдың теңізде үлкен төгінділерін оқшаулау және жайылдырмау үшін, жүзу аймағы және табиғат жағдайлары бойынша шектеуі жоқ экспедициялық кемелер қолданылады. Мұндай кемелердің трюмоларын теңіз бетінен жиналған мұнайдың сыйымы ретінде пайдаланады. Арнайы айырғыш құралдары жиналған мұнайдың теңіз суынан бөлінуін қамтамасыз етеді.

Кеме суға төгіндіні жинау және жоюға, жайылдырмауға қолданылатын мұнайжинағыштарды, бондық қоршауларды, басқа техникалық құралдарды көтеріп-түсіруге арналған құралдармен жабдықталған. Кемеде гидрометеорологиялық, гидрохимиялық және биологиялық зертханалар бар, сонымен қатар кеме төгілу аймағын, төгілген мұнайдың қозғалу жылдамдығын және бағытын автоматты бақылау құралдарымен жабдықталады. Арнайы құралдар оперативті байланысты және төгіндіні жою бойынша аперацияның барлық қатысушылардың нақты өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Ашық теңізде мұнайдың апаттық төгілуін экспедициялық кеме қатысуымен жоюОтандық мұнайқоқыс жинағыштарының ерекшелігі олардың әмбебаптығы болып табылады. Олар жүзгіш ластанудың кез келген түрін, соның ішінде ірі қоқысты жинай алады, акваторияның кез келген учаскелерін, кемелер, эстакадалар және басқа да гидротехникалық ғимараттар арасын тазарта алады.

Мұнайды және қоқысты жинау сұлбалары *9.5-, 9.6-, -суреттерде* көрсетілген.



15.2-сурет. Ашық теңізде мұнайдың апаттық төгілуін экспедициялық кеме қатысуымен жою сұлбасы: 1 – теңіз мұнайжинағышы; 2 – мұнайжинағыш; 3 – авиабарлау құралы; 4 – экспедициялық кеме; 5 – мұнай жинау қондырғысы; 6 – мұнай сыйымы; 7 – бондық қоршау.

Мұнай төгінділерін жоюға мұнайқоқыс жинағыштарынан басқа торы синтетикалық материалдармен толтырылған мұнайды сіңіргіш бондар, кемелерден және жағадан қолданылуы мүмкін, өнімділігі 6 т/сағ мұнайды жинауға арналған қосымша ауыспалы құралдар пайдаланылады. Соңғы жылдары теңіздің мұнаймен ластануымен күресу үшінмұнайды судан жұта алатын әртүрлі материалдар қасиетіне негізделген әдістер кең қолданыс тапты. Тығыздығы 1000 кг/ м3 төмен жүзбелі және тығыздығы одан да жоғары батпалы сорбенттер ажыратылады. Жүзбелі сорбенттер ретінде көптеген *табиғи* (торф, мүк) және *жасанды*(полиуретан, резина) материалдары қолданылады.

Жасанды сорбенттерді синтетикалық материалдардан дайындайды және материялық түйіршік түрінде шығарады. Табиғи сорбенттермен салыстырғанда, жасанды сорбенттердің артықшылығы оның қайта қолдану мүмкіндігінде. *Түйіршіктелген сорбенттер* материалылыққа қарағанда, тиімдірек және үлкен аудандағы мұнай ластануларын жоюға қолданылады.

Орнында жағу

Жою стратегиясы мұнайды орнында жағу міндетін қойған кезде, тиісті әрекеттерді мұқият жоспарлау қажет, өйткені жану атмосфераның визуалды ластануына әкеледі және жұмыс пен адамдардың қауіпсіздігіне ықтимал проблемалар туғызады.

Өрттің сәтті өтуі үшін оны мұнай тозғанға дейін, әсіресе эмульсия күйіне өту үшін жүргізу керек. Судың көп мөлшері мұнайдың өртенуін едәуір қиындатады және жану процесін сақтау қиын болады.



Сурет 15.3-Субетінде мұнайды жағу

Жануы нәтижелі болуы үшін, мұнай қабатының қалыңдығы кем дегенде 3 сантиметр болуы тиіс. Теориялық тұрғыдан өзгермелі мұнайдың 98% - на дейін жағуға болады, бірақ әрдайым шайырлы қалдықтар қалады, оларды жинау өте

қиын. Егер мұнай тым эмульсияланбаған болса және қабаттың қалыңдығы тым үлкен болмаса, онда оны орнында жағу үшін желатталған отынды (напалм) қолдануға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Теңіздің ластануының негізгі көздері ретінде не болады?
2. Теңіздің ұңғымаларды жөндеу қалдықтарымен ластануын қалай
алдын алуға болады?
3. Су қоймасының бетін мұнай және мұнай өнімдерінен тазалау қандай
факторлармен ерекшеленеді?
4. Акваторияда бононды қоршауларды орнатудың И-тәрізді әдісі қашан қолданылады?

Әдебиеттер тізімі

1. В. П. Бондаренко. Предупреждение аварий и осложнений при бурении добыче и транспортировке нефти и газа : Сборник кейсов для студентов специальности 5В070800 – Нефтегазовое дело / - Версия . - Шымкент : ЮКГУ, 2017 о=эл. опт. диск (CD-ROM) Экземпляры: всего:1
2. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537
3. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.
4. Временная инструкция по применению наполнителей для предупреждения и ликвидации поглощения бурового раствора при проводке скважин. РД 39-2-827-82. Б. Курочкин и др. – М., 1984.

Дәріс №16. Тақырыбы: Ұңғыларды фонтанды пайдалану кезіндегі қиындықтар мен оның алдын алу, жою жолдары.

1. Фонтанды ұңғылар жұмысында кездесетін қиындықтар және олардың алдын алу
2. Парафин түзілуімен күресу.
3. Құм шөгінділерімен күресу.

Фонтанды ұңғылар жұмысын реттеу.

Фонтанды ұңғыларды меңгерудің бастапқы кезеңдерінде әсіресе жоғарғы дебитті ұңғылар мұнай өндіру кәсіптігінің мүмкіншілігін анықтайды. Сондықтан, олардың зерттеуіне, реттеуіне және жұмыстарын бақылауға үлкен көңіл бөлінеді.Сонымен қатар, фонтандық жабдық тереңдік зерттеулер, тереңдіктен сынауларды алу, ағынның профилін түсіру және т.с.с. жұмыстарды

жеңіл жүргізуге мүмкіншілік береді. Фонтанды ұңғыны пайдаланудың тиімді режимін орнату үшін оның әртүрлі тәжірибелік режиміндегі жұмысының нәтижесін білу керек. Фонтанды ұңғы жұмысының режимін штуцерді ауыстыру арқылы, ал дәлірек болса оның қуысының диаметрін өзгерті арқылы орындайды. Ұңғыны жаңа режимде бірнеше уақыт оған өзгеріс еңгізбей ұстау қажет.

Фонтанды ұңғылар жұмысында кездесетін қиындықтар және олардың алдын алу.

Әртүрлі кен орындардың және бір кен орнының жеке өнімді қабаттарының пайдалану шарттары бір бірінен өте өзгеше болуы мүмкін. Осыған сәйкес фонтанды ұңғылар жұмыстарында да қиындықтар әртүрлі болады. Бірақ өте жиі кездесетін және жиі қауіпті болатын қиындықтар, келесілер:

- саға арматурасының бұзылу себебінен немесе грифондардың болуынан ашық (реттелмейтін) фонтандаудың болуы;
- құбырлар мен лақтыру желілерінде тұздар немесе парафиндердің шөгінділерінің пайда болуы;
- ұңғының тоқтауына әкелетін фонтанды ұңғының жұмысында бүлкілдеулердің болуы;
- әлсіз қабаттарды пайдалану кезінде құм тығындарының ұңғы түбінде және көтергіш құбырларында түзілуі;
- ұңғы түбінде және СКҚ ішінде тұздардың түзілуі.

Ашық фонтандау

Фонтандаудың бұл түрі апаттық жағдайларға әкеледі және қазіргі уақытта ол сирек кездеседі. Бұл фонтандаулар үлкен өрттің болыуна, сонымен қатар кен орынның төз төзуына және ұңғы сағасында үлкен воронкалардың пайда болып оған барлық бұрғылау жабдықтарының құлап жиналыу болады.

Осындай фонтандарды тоқтату және өшіру үшін екінші өөлбеу ұңғының бұрғылап, онда атомды зарядтарды жару арқылы орындайды. Ашық фонтандаудың қауіптілік дәрежесі әртүрлі болады. Қабаттарды ашу және ұңғыларды меңгеру кезінде кенеттен болатын қиындықтардан басқа фонтанды арматураның, саға жабдығының бұзылуы да үлкен қиындыққа әкеліп соқтырады. Қосылыстардың тығыз жабылмауы немесе олардың вибрация әсерінен бұзылуы, ағындағы абразивті заттар әсерінен қажалуы үлкен ауыр апаттардың себептері болып табылады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін арматура екі еселік немесе жарты еселік қысымға толығымен және жеке элементтері тексеріледі.

Саға арматурасының күтпеген жағдайда апаттық бұзылуынан ашық фонтандауды тоқтату үшін ұңғыда орналасқан отсекательді (қысып қалатын аспап) қолданады, олар ұңғының технологиялық режимінің бұзылуы кезінде қабат өнімін көтергішке келтірмейді. Осы отсекательдер ұңғыға бірнеше тереңдікке немесе фонтанды құбырлардың табанына орналастырып түсіреді. Шегендеу тізбектің шлипсаларында қондырылатын отсекательдер, СКҚ-ның немесе шегендеу тізбектің көлденең қимасын сұйық шығымы критикалық көлемінен асатын кезінде автоматты түрде жабады. Шет елдерде фонтанды құбырларда орналасатын отсекательдер бар. Бұндай отсекателдер де ағынның болыун тоқтатып, қиманы жабады. Шарды кран түрінде орындалып, бұралып

жабылуы гидравликалық түрде жер бетінде орындалатын отсекательдер де бар. Осындай шарлы кранның жетек механизмі аз диаметрлі (12,18 мм) құбырша арқылы фонтанды құбырға жалғанып жер бетіне шығады, ал ол әдетте ұңғының шығу жеріне, яғни қысым көзіне қосылады.

Құбырша ішінде қысым болғанда шарлы кран ашық болады. Құбыршада қысым түскен жағдайда серіппелі механизм арқылы шарлы кран бұралып, фонтанды құбырларды жабады.

Коррозия немесе механикалық бұзылыстардан лақтыру желілерінің үзілуі кезінде фонтанды ұңғыны жалғайтын манмфольдтті желілерде орналасатын механикалық әсері бар қарапайып жер бетіне орналасатын отсекательдер түрі болады.

Солтүстік теңізде «Экофис» фирмасының теңіз ұңғысында 1677 жылы сәуір айында ашық фонтандау жағдайынан теңізге 30 000 $м^3$ мұнай жайылған.

Бұл фонтандау ұңғыдағы фонтанды құбырлар тізбегі автоматты отсекателмен жабдықталған болсада, арнайы муфтаға отырғызуы мен бекітуі дұрыс болмағандықтан фонтанды арматураның саңылаусыздығы бұзылу нәтижесінде отсекатель жұмыс істей алмады. Үлкен қиындықпен осы ашық фонтандау тоқтатылып, ұңғы бақылауға алынды.

Өте күрделі апат –ол грифонның пайда болуы. Грифон ұңғының қабырғасымен шегендеу тізбегінің арасында саңылаудың болуынан пайда болады.

Бұл жағдайда қабат өнімі жер бетіне осы канал арқылы көтерілуінен, өрт жағдайлары болып, ұңғының жоғалуына әкеледі. Бұндай жағдайларды болдырмау үшін ұңғылардың саңылаусыздығын уақытлы тексеріп отыру қажет.

Парафин түзілуімен күресу.

Парафин түзілуінің алдын алу және ұңғының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Парафинді жоюдың келесі негізгі әдістерін білген жөн:

1. Механикалық әдістер, оларға:

а) СКҚ-ға болатты сыммен түсірілетін серіппелі қырғыштарды қолдану;

б) СКҚ-дың парафинделген бөлігін шығару және оларды жер бетінде механикалық қырғыштармен ішкі бетін тазалау;

в) автоматты ұшатын қырғыштарды қолдану.

2. Жылу әдістері:

а) құбыр сыртындағы кеңістікке қыздырылған буды айдау арқылы құбырлар тізбегін қыздыру;

б) ыстық мұнайды айдау арқылы құбырды қыздыру.

3. Ішкі беттері әйнек, эмаль немесе эпоксидті шайырмен жабылған құбырларды қолдану.

4. Парафинді түзілімдерді ерітетін әртүрлі еріткіштерді қолдану.

5. Парафиннің құбырлар қабырғасына жабысуын болдырмайтын химиялық қоспаларды қолдану.

Парафин түзілімдердің пайда болу қарқындылығына, олардың қаттылығына және басқа да ерекшеліктеріне қарай әртүрлі әдістер, оларды біріктіріп қолданады.

Бір кезде парафинмен күрес үшін автоматты депарафинизациялау қондырғысын (АДҚ) арқылы тазарту кеңінен қолданылған. СКҚ-да бірнеше қырғыштар, яғни доңғалақ пышақтар болатты сым арқылы парафиннің түзілу жеріне дейін түсіріледі. Содан кейін автоматты басқарылатын лебедка арқылы ұңғы сағасына дейін көтеріледі. Түсіру және көтеру уақыт интервалдары лебедка электромоторын басқаратын жұмысшымен қойылатын автоматты уақыт реле арқылы қондырылады. Қырғыштар фонтанды ұңғыға тереңдік манометр түсірілетін сияқты лубрикатор арқылы түсіріледі. Қырғыш диаметрін құбырдан бірнеше есе кіші етіп таңдайды. Құбыр қабырғасындағы үлкен қабық болса, тазартуды диаметрі үлкен емес қырғышпен бастап, біртіндеп оны үлкейтеді.

Қазіргі кезде парафинмен күрестің химиялық әдістерін қолдану бойынша қарқынды түрде зерттеулер жүргізілуде. Химиялық реагенттердің адсорбциясының арқасында құбырлардың ішкі бетіне және парафин кристаллдарында жұқа гидрофильді қабықша пайда болып, ол кристаллдардың өсуіне және оның құбырларда жабысуына кедергі бола алады.

Жылу әдістері арқылы парафинді жою үшін бу өнімділігі 1 т/сағ (310 ^{0}С температурасында) автокөліктік жылжымалы бугенераторлы қондырғылар ППУ-3М қолданылады. Ол тік ағысты бу қазанына, қосымша су қоры болатын, қоректендіретін құралдардан тұрады. Осындай құралдармен тек ғана фонтанды құбырларда емес, сондай-ақ манифольдтар мен лақтыру желілерде қолданады. Ол үшін 150 ^{0}С температурасына дейін ысытылған мұнай 20МПа қысыммен және 4 дм^3/ с беруімен 1АДП-4-150 сорапты агрегат арқылы айдайды.

Құм шөгінділерімен күресу. Ұңғыманы пайдалану кезінде сұйықпен бірге ұңғыға құм түседі. Егер құм толығымен жер бетіне шығарылу үшін жағдай жасалмаса, ол ұңғы түбіне жиналып, құм тығындарын түзеді. Мұндай тығын сүзгіні жабады, оның нәтижесінде қабаттан ұңғыға сұйықтың келуі тоқтайды. Кейде құм тығындары көтергіш құбырларда түзіледі немесе екіқатарлы көтергіште – сыртқы қатар құбырларын тұтастай жабады.

Ұңғымада құм тығынының түзілуін бақылау-өлшегіш аспаптарының және ұңғы шығымының көрсеткіштері бойынша анықтауға болады. Одан басқа, құм тығындарының түзілуін келесі белгілері бойынша анықтауға болады. Мысалы: ұңғыны пайдалану үрдісінде сұйық беру тоқтады және төмендеген қысым кезінде ұңғыдан тек ауа келеді, бұл ұңғы түбінде немесе бірінші қатардағы құбырларда башмактан төмен тереңдікте құм тығындарының түзілгенін көрсетеді.

Бірқатарлы лифт ұңғыдан құмды айтарлықтай шығаруды қамтамасыз етпейді. Бұл сұйық ағыны түптен құбыр табанына дейін ұңғы қимасымен қозғалатынымен түсіндіріледі, ол көтергіш құбырлардың қимасынан бірнеше есе көп және ағынның қозғалуы көбінесе құмның ірі фракцияларын шығаруға жеткіліксіз болады. Соңғысы түпте шөгеді де, құм тығынын түзеді.

Құм тығынын болдырмау үшін көтергіштің төменгі жағына сорапты-компрессорлы құбырлардың диаметрінен кіші болатын арнайы хвостовик орнатып, төменгі перфорациялық тесіктерге дейін түсіріп орнатады.

Хвостовикте өнімнің қозғалу жылдамдығы құмның түзілу жылдамдығынан үлкен болуы керек. Құм тығыны пайда болған жағдайда оны жою үшін гидромониторлы (насадка) қолдану арқылы жуады. Осы мақсатта арнайы арынды сораптарды қолдану да тиімді болады.

Көтергіш құбырлардағы тұз шөгінділерімен күресу. Қатты суланған ұңғыларды пайдалану кезінде қабаттағы қысым мен температураның ұңғыдағымен салыстырғанда өзгеруіне байланысты көтері құбырлары және арматурада тұздар түзіледі. Тұздар көтергіш құбырлардың жоғарғы жағында 150-300м сағадан төмен түзіледі, соның нәтижесінде жұмысшы агент қысымы артып, және ұңғының дебиті азайып, толығымен оның тоқтауына дейін әкеледі.

Кейбір кен орындарда қабат қысымын ұстау мақсатында қабатқа су айдау кезінде жер асты жабдығында, СКҚ-дың қабырғаларында, ұңғының түп аймағында тұздың түзілімдері болады.

Түзілетін тұздардың негізгі толықтырушысы –ол гипс болып келеді. Тұздың бөліну себебі қабат суы және оған айдалатын судың тұзды құрамдарының термодинамикалық тепе-теңдіктерінің бұзылуынан болады. Химиялық бірікпеу шартарының болуынан нәтижесінде ерітіндіден тұз бөлінеді. Бірақ айдалатын судан болатын гипс түзілулері толығымен зерттелмеген. Оның құрамы, құрылымы пайда болу шарты әртүрлі кен орындарда өзгеше болады. Сондықтан олармен күрес әдістері де өзгеше. Тұздарды болдырмау әдістерінің бірі, ол-химиялық әдістер, яғни әртүрлі еріткіштерді қолдану. Олар тек ғана фонтанды құбырларда емес, сонымен қатар мұнай мен газды жер бетінде жинау және дайындау жүйелерінде де болады. Қабат суларының тұзды құрамына және тұздардың түзілу қарқындылығына байланысты фосфорорганикалық қосылыстары негізіндегі химиялық реагенттер ингибиторлардың бірқатар түрлері қолданылады. Олар 1м^3 қабат суына бірнеше граммымен қосылып ағынға айдалады. Ингибиторлар ерітіндіде кальций иондарын ұстап, оны түзілуін болдырмайды. Тығыз тұнбалар гидроокись ерітінділерімен жояды. Пайда болған кальций гидроокисі кеуекті массаны құрып, тұз қышқылы әсерінен тез бұзылады. Тұздың түзілуін болдырмау үшін қабатқа айдалатын су қабат суымен химиялық бірігуіне тексеріліп, тексеріледі.

Фонтанды ұңғы жұмысындағы бүлкілдеулер (пульсаций)

Фонтанды ұңғы жұмысындағы бүлкілдеулердің болуы энергияның рационалды емес шығымына, ал кейде фонтандаудың тоқтауына әкеледі, өйткені ұңғы кезеңді режимде жұмыс істей бастайды. Фонтанды ұңғылардың бүлкілдеуін болдырмау үшін фонтанды құбырлар тізбегінің соңына арнайы жұмыс қуыстары мен клапандарын орнатады.

СКҚ-да сұйық бағанасының тығыздығының аз уақыт ішінде өсуі, оның дагазациясы және түпте қысымының өсу нәтижесінде бүлкілдеу уақыттан бұрын фонтандауды қысқартады.

СКҚ-дың табанынан 30-40м биіктігінде аз кішкене диаметрлі қуыстардың болуы газдың құбырсыртындағы кеңістіктен үнемі өтуін қамтамасыз етіп, оның құбырлар табанына өтуін болдырмайды. Жаналған газ қуыстан төмен орналасқан сұйық бағанасын ығыстырып, оның СКҚ-ға өтуі арқылы бүлкілдеу тоқтайды. Қуыстар алдында қысымдар айырымы болса, онда сұйықтың деңгейі қуыстардан төмен жерінде $a = \Delta P \cdot \rho \cdot g$ тереңдігінде болады. Жұмыс клапаны да осындай жұмысты атқарады, ол газдың құбырсыртындағы кеңістіктен газды СКҚ-ға өткізуге мүмкіндік береді.

Бүлкілдеу құбылысын болдырмаудың нақты жолы, ол құбыр табанындағы қысым қанығу қысымына тең немесе үлкен, ал ондағы еркін газды сепарациялау (айыру) коэффициенті нолге тең болатындай фонтанды ұңғының жұмысына режим орнату.

Фонтанды ұңғыларды осындай режимде пайдалану техникалық жағынан мүмкін болмаса, онда құбыр сыртындағы кеңістікте сұйық деңгейі көтергіш табанына дейін түсіп кетпейтіндей, кезеңмен бұл кеңістіктен СКҚ-ға газды жіберіп отыратын есеппен көтергіштің белгілі бір тереңдігіне жіберу клапанын орнату тиімді болады.

Бақылау сұрақтары:

1.Фонтанды ұңғылардың қалыпты жұмысы қандай себептерге байланысты бұзылады?

2.Ұңғыда құм тығыны пайда болғаның қалай біледі?

3.Фонтанды ұңғы жұмысындағы бүлкілдеулердің болуы неге жағымсыз болып келеді?

4.Ашық фонтандауды қалай болдырмауға болады?

Әдебиеттер тізімі

1. А. С. Садырбаева Ұңғыны жөндеу : 5В070800 - "Мұнай-газ ісі" маман. студ. арналған оқу құралы / [и др.]. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015. - 126 с. Экземпляры: всего:90

2. В. П. Бондаренко. Предупреждение аварий и осложнений при бурении добыче и транспортировке нефти и газа : Сборник кейсов для студентов специальности 5В070800 – Нефтегазовое дело / - Версия . - Шымкент : ЮКГУ, 2017 о=эл. опт. диск (CD-ROM) Экземпляры: всего:1

3. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537

ДӘРІС №17. Тақырыбы: Мұнай өндіретін ұңғымалардың жіктемесі.

1. Мұнай өндіретін ұңғымаларды пайдалану кезіндегі қиындықтар
2. Газ бөлінетін ұңғымалар, құм түзілетін ұңғымалар
3. Парафин бөлетін ұңғымалар, коррозиялық ұңғыма

Пайдалану кезіндегі қиындықтар туралы түсінік.

Ұңғыманы пайдаланудың әрбір әдісінің тиімділігі, көп жағдайда қолданыстағы табиғи шарттарға тәуелді. Сонымен қатар тау жыныстарының физикалық қасиеттеріне, қабат параметрлеріне, қабат сұйықтарының қасиеттеріне және ұңғымада газды сұйық қоспаларын көтеру үрдісі кезінде олардың өзгеруіне және т.б. байланысты болады.

Қазіргі уақытта пайдалану әдісіне тәуелсіз ұңғымалардың жұмысына әсер ететін қабаттардың геолого-геофизикалық сипаттамалары және қабат сұйықтықтарының әсер ету дәрежесіне қатысты мұнай өндіретін ұңғымалардың жалпы, біртұтас топтамасы жоқ. А.Н.Адонин тек штангілі сораптармен жабдықтап, ұңғымалардың айқын топтамасын ұсынды. Сондай-ақ автор бұл топтаманың пайдаланудың басқа әдістеріне өзгертусіз қолданылуына болмайтынын көрсетеді.

Қазіргі уақытта олардың пайдалану әдісіне қарамай, мұнай ұңғымаларының жалпы топтамасын берудің жеткілікті мәліметтері белгілі.

Топтамаға ұңғыма жабдықтарына немесе олардың оқшау бөліктерінің жұмысына табиғи шарттардың әсері принципке негізделуі керек. Барлық мұнай өндіретін ұңғымаларды олардың өнімдерінің құрамы мен қасиеттеріне байланысты келесідегідей категорияларға бөлуге болады:

1.Қалыпты;
2.Газ бөлінетін;
3.Құм түзілетін;
4.Тұз бөлетін;
5.Парафин бөлетін;
6.Коррозиялық;

Осы категориялардың әрқайсысында таза мұнайдан бастап және үлкен дәрежедегі сулану 98-99% жетті,сулану дәрежесімен ерекшеленетін ұңғымалар тобы болуы мүмкін. Сондай-ақ ұңғымалар бағананың әртүрлі қисаю дәрежесіне қарай вертикальды, оның ішінде қиғаш бағытталған ұңғымалар (теңіз ұңғымаларыы арасында) кездеседі.

Ұңғыманы қалыпты деп ұңғымадан берілген мөлшерде сұйықты стандартты ұңғымалық жабдықтармен алу мүмкіндігі қабылдауында қарапайым фильтрмен жабдықталған және арнайы қондырғының көмегінсіз немесе арнайы құралсыз, сонымен қатар қиындататын факторларды ескермейтін ұңғыны айтамыз.

Қалыпты ұңғымаларды пайдалану үрдісінде ұзақтық үздіксіз жұмысы үшін құмның шығуы, парафин мен тұздың қалыптасуы, коррозия және т.б. байқалмауы керек. Құрамында газы жоқ сұйықтықты айдау минимумынан немесе түсіру тереңдігінен аспауы керек.

Газ бөліну тек мұнайлы сорапты өндіру кезінде жер асты жабдықтардың жұмысына кедергі келтіреді. Басқа пайдалану тәсілдерінде (фонтанды, компрессорлы, плунжерлі лифт) ол сұйықтың көтерілуіне қолайлы септігін тигізеді.

Газ бөлінетін ұңғымалар деп – штангілі сораппен жабдықталған, қалыпты ұңғымадан келесідегідей белгілерімен ерекшеленеді:

1.Ұңғыма сорап арқылы қолданылады., бұл жағдайда сораптың толу коэффициенті 1-ден көп, штангілік ұңғыма сорабы арқылы газды олардың қабылдауында барлық берілген сұйық көлемін алуға болады

2. Сорапты сұйық деңгейін едәуір терең түсіруге болады, мұнда толу коэффициенті есептеуге жуықтайды немесе төмендейді.

Құм түзілетін ұңғымалар деп – өнімінің құрамында құм болатын (1-2% көлемінде және одан да көп) ұңғымаларда түптік құм тығындардың пайда болуы пайдаланудың әрбір тәсілінде кездеседі: сорапты, газлифтілі және фонтанды. Патронды және аспалы тығындар едәуір аз кездеседі.

ШСК- мен жабдықталған ұңғымалардың кейбір коллекторларында құмның әсерінен ақаулар пайда болады. Штангілі сораппен құрамында құмы бар сұйықтықты айдау плунжердің төлкенің, клапандардың және сораптың басқа да түйіндерінің тез тозуына, цилиндрде плунжердің сыналауына және сұйық берілуінің тоқталуына әкеп соқтырады.

Мұндай ұңғымаларда құмның шығуымен күресу газлифт фонтанды ұңғымаларға қарағанда едәуір күрделірек. Бұл штангілі сорапты қондырғы конструкциясы бойынша құрамында құмы бар сұйықты көтеруде нашар екендігіне себепші болады.

Тұз бөлетін ұңғымалар – деп, сұйықты көтеру кезінде ұңғымалардың және сағалық жабдықтар кеңістігінде өнімнен әр түрлі тұздар бөлінетін және шөгетін ұңғымаларын айтамыз. Бастапқыда бөлініп шыққан кіші қатпар біртіндеп үлкейе түседі, ұңғымадан сұйықтық берілуінің азаюына, кейінен көтергіш құбырлардың қимасы кішірейіп, ұңғы жұмысының тоқтауына әкеп соқтыратын.

Парафин бөлетін ұңғымалар деп – ұңғыманы пайдалану үрдісі кезінде құбырларда штангілер мен ұңғымалық жабдықтардың басқа да бөліктерінде тұнып, өніммен бірге парафин кристалдары бөлініп шығатын ұңғыманы айтады. Парафиннің бөлініп шығуын болдырмау үшін арнайы жонғыштар немесе басқа да әдістер қолданылады, ал қалыптасқан парафин қабатын жою үшін жер асты жабдығын бумен, электрқыздырғыштармен, ыстық сұйықпен (мұнай, конденсат және т.б) қыздырады.

Коррозиялық ұңғыма деп – ұңғымаға түсірілетін ұңғымалық жабдық (құбыр, сораптар, штангілер т.б) үздіксіз жұмысының мерзімі қалыпты ұңғымалардағы сипаттамасы бойынша ұқсас жабдықтардың қызмет ету мерзіміне қарағанда едәуір төмен (30-40 % тен көп). Бұған себеп коррозиялық ортаның әсері (өнім құрамында күкіртсутектің немесе агрессивті заттардың болуы).

Коррозия жабдықтың қызмет ету мерзімінің төмендеуіне әкеледі (құбырлар, сораптар, штангілер және т.б.) және муфталық жалғану жерлерінен сұйықтың ағып кетуіне, құбырлардың, штангілердің үзілуіне себепшісі болады.

Аталған әрбір категориядағы ұңғымалар үшін олардың өнімдерінің сулану дәрежесінің үлкен мәні бар. Сонымен қатар ескеретін бір жәй, кейбір ұңғымалар бір мезгілде бірнеше категорияларға жатуы мүмкін (қалыпты ұңғымалардан басқалары) мысалы, құм шығара тұра, парафин де бөледі және агрессивті коррозиялық ортасымен ерекшеленеді. Уақыт өте келе, ұңғымалар бір

категориядан екінші категорияға ауысуы мүмкін. Қалыпты – құм шығарғыш ұңғымаға, газ бөлетін – қалыпты ұңғымаға және т.б.

Ұңғыма түбіне табиғи жолмен құмның келіп түсуі толық тоқтаған кезде немесе өндірілетін сұйық коррозиялық қасиеттерін жоғалтқан жағдайда ғана ұңғымалардың қалыпты ұңғымаға ауысуы орындалады.

Ұңғыларды жөндеу жиілігі және олардың салыстырмалы жұмыс ұзақтылығы мұнай өндіру кәсіпшілігінің өндіру технлогиясы және ұйымдастыру жағдайын сипаттайтын белгілі көрсеткіштермен бағаланады.

Ұңғылардың салыстырмалы жұмыс ұзақтылығы пайдалану коэффициентімен Кэ бағаланады. Пайдалану коэффициенті $К_э$ –дегеніміз ұңғы жұмысының жалпы уақытының (тәуләкпен) $Т_i$ анализденген кезеңдегі (жыл, квартал, ай) жалпы күнтізбелік уақытқа $Т_{кі}$ қатынасы, сонымен,

$$К_э=Т_i / Т_к \qquad (1)$$

Ұңғылардың пайдалану коэффициенті 0,95-0,98 шектерінде өзгереді.

Жұмыс ұзақтылығы $Т_i$ әртүрлі және анализденген кезеңдерінің ұзақтылығы болатын бір топ m ұңғыларына қатысты $К_п$ мөлшері келесідей анықталады:

$$K_Э = \sum_{i=1}^{m} T_i / \sum_{i=1}^{m} T_{ki} \qquad (2)$$

Әртүрлі пайдалану тәсілдері: фонтандлы,сорапты (БОТЭС, ШТС), газлифтілі – әртүрлі пайдалану коэффициенттерімен $К_э$ сипатталады, өйткені оларды жөндеуге байланысты тоқтаулар, жабдықтардың күрделігі, оның сенімділігі, ұзақмерзімділігі және басқа да пайдалну шарттарына байланысты болады. Әдетте ең үлкен пайдалану коэффициент $К_э$ –ол фонтанды пайдалануда, ал ең кіші $К_э$ – ол штангілі сораптармен ұңғыны пайдалануда. Осы себептерден $К_э$ әрбір пайдалану тәсілі үшін жеке (2) формула бойынша анықталады.

Бірақ, бұл жағдайда $К_э$ пайдалану коэффициенттің жалпы мөлшері пайдалану техниканың нақты жағдайын көрсетпеуі мүмкін. Мысалы, пайдалану крэффициент $К_э$, механикаландырылған ұңғылар қорының жұмысын жақсартудан емес, фонтанды ұңғылар қорының өсуінен артуы мүмкін. Әдетте, механикаландырылған ұңғылар қорының $К_э$, мөлшері 0,95-0,97 құрайды және де соңғы жылдары БОТЭ–пен жабдықталған ұңғылардағы $К_э$ пайдалану коэффициенті ШТС-пен жабдықталған ұңғылардағы $К_э$ пайдалану коэффициентіне қарағанда неғұрлым жоғары, өйткені БОТЭС-ң сапасы, оларды жөндеу жолдары жақсарған. Ұңғыны пайдаланудың геологиялық және технологиялық жағдайлары, мысалы, құмбөліну, сулану, ұңғы өнісінде қатты корреляцияланатын заттардың (көмірсутек, жоғары минерализация) болуы, тұздар мен парафиннің түзілімдері пайдалану коэффициенттеріне үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, бір пайдаланеу тәсілі (мысалы штангілі терең сораппен) үшін $К_э$ пайдалану коэффициенті әртүрлі аймақтарда немесе кен орындарды әртүрлі болады.

Қалыпты ұңғымадан ауытқуы мұнай ұңғымаларының пайдалану кезінде қиындықтар туғызады. Осылайша мұнай, мұнай-газ және газконденсатты

ұңғымаларды пайдалану кезінде өндірілетін ұңғымалардың өнімінің құрамында құмның, парафин, күкіртті сутек, гидраттар және тұздардың болуы әдетте жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарымен байланысты қиыншылықтарды туғызады.

Бұл қиындықтар теңіз ұңғымаларын пайдаланғанда күрделене түсіп, ұзаққа созылады. Гидрометерологиялық шарттар үшін дер кезінде ұңғыма жұмысын тұрақты ету шараларын және кедергісіз орындау үшін қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1.Ұңғыма категорялары өнімдерінің құрамы және қасиетіне байланысты?
2. Қандай ұңғымаларды қалыпты жағдайдағы ұңғыма деп атайды?
3. Ұңғымаларды пайдалану әдісінің тиімділігі неге байланысты болады?
4. «Қиындық» деп нені түсінесің?

Әдебиеттер тізімі

3. А. С. Садырбаева Ұңғыны жөндеу : 5В070800 - "Мұнай-газ ісі" маман. студ. арналған оқу құралы / [и др.]. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015. - 126 с. Экземпляры: всего:90
4. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.
5. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537

Дәріс № 18. Тақырыбы: Ұңғыларды механикалық пайдалану кезіндегі қиындықтар және олардың жою жолдары.

1. Штангілі сорапты қондырғылардағы қиындықтар
2. Құмбөліну
3. Сорапты штангалардың қажалуы
4. Сорап арқылы сұйықтың ағуы.

Штангілі сорапты қондырғылардағы қиындықтар

Штангілі сорапты қондырғылар жұмысы кезінде осы қондырғылардың жұмысын қиындататын ерекше жағдайлар кездеседі. Оларға келесілерді жатқызады:

- Сораптың қабылдау жерінде газдың көп болуы;
- Алынатын сұйықта құмның көп мөлшерде болуы;
- СКҚ –да және сорапты штангаларда парафиннің және минералды тұздардың түзілуі, ұңғының қатты қисаюы;
- Жоғары тұтқырлы жоғарыпарафинді мұнайлар.

Осы қиындық жағдайлары көбінесе бірігіп әсер етеді, сондықтан кей жағдайда олармен бірге күресуге тура келеді.

Газдың әсері

Шталгілі сорапқа газдың кері әсері сорап цилиндрінің көп көлемінің бөлігін толтырып, оның сұйықпен толуын азайтады. Еркін газдың кері әсерінің дәрежесі оның айдалатын сұйықтағы құрамында болуына тәуелді, сонымен қатар плунжердің төменгі жерде болуында айдау және сору клапандарының арасында пайда болатын кеңістіктің көлеміне тәуелді. Барлық штангілі сораптарда болатын бұл кеңістік ***зиянды*** деп аталады.

Сорапқа келетін сұйық көлемінің плунжердің жоғарғы жағдайындағы цилиндр көлеміне қатынасы *сораптың толу коэффициенті* деп аталады.

Плунжер төмен жүруін тоқтатқанда, зиянды кеңістікті толтыратын газ бен мұнай көтергіш құбырларда сұйық бағанының қысымының әсерінде болады; бұл кезде бос газ көлемі оның сығылуы және мұнайда еруінен азаяды.

Плунжердің жоғары қозғалуы кезінде цилиндр кеңістігі көтергіш құбырлардан айдау клапаны арқылы оқшауланып, нәтижесінде ондағы қысым төмендеп, құбыр сыртындағы кеңістіктегі және сорап үстіндегі сұйық бағанасының гидростатикалық қысымына тең болады. Плунжерді көтерудің бастапқы моментінде, зиянды көлемде болатын газ кеңейіп, цилиндрдің бір бөлігін алып, оның сұйықпен толуын азайтып, қабылдағыш клапан ашылғаннан кейін сұйық сорапқа түседі.

Сорапқа түсетін газдың мөлшеріне және зиянды кеңістіктің көлеміне байланысты толу коэффициентті келесі формуламен сипаттауға болады:

$$\beta = \frac{1 - KR}{1 + R}, \qquad (1)$$

мұндағы $R=V_Г /V_М$ –батыру қысымы кезінде сорапқа үнемі келетін газ және мұнайдың көлемдік қатынасы; $R=V_{ВР}/V_S$ –сораптың «зиянды» кеңістік көлемінің плунжердің жоғары жағдайындағы цилиндр көлеміне қатынасы.

(5) теңдеуден толу коэффициенті неғұрлым көп болса, соғұрлым $k=V_{вр} /V_з$ аз болады, яғни неғұрлым зиянды кеңістік көлемі аз және плунжер жүрісінің ұзындығы үлкен болса; неғұрлым сорапқа түсетін газдың көлемі аз болса, соғұрлым толу коэффициенті көп болады.

Бұл газдың зиянды әсерімен келесідей күресуге болады:

1)плунжердің төменгі бөлігіне айдаушы клапанды орнату арқылы «зиянды» кеңістік көлемін азайтуға болады;

2) плунжер жүрісінің ұзындығын арттырады;

3)сораптың батыру тереңдігін сұйықтың динамикалық деңгейінен төмен түсіру, бұл кезде сораптың қабылдау жерінде қысым артып, сорапқа келетін газ көлемі азаяды;

4) сораптың қабылдауында арнайы қондырғыларды (газды якорлерді) орнатып, сораптан құбыраралық кеңістікке газды бөлшектеп айыру.

Штангілі сораптың жұмысы теориядан белгілі болғандай толтыру коэффициенті сораптың қабылдау жеріндегі жағдайға байланысты газ факторынан және плунжермен өтетін көлемге қарағанда зиянды кеңістіктік боөлігінен тәуелді. $R_ж$ көлемі өз алдына газ факторынан $Г_0$, мұнайда газдың еруінен α, сораптың қабылдау жеріндегі қысымнан $P_{қаб}$, саепарация коэффициентінен m және өнімнің сулануынан n тәуелді. Сулану, газ факторы, газдың еруі, сораптың қабылдау жеріндегі температура сияқты өлшемдер табиғи факторлар болып келеді және өзгертуге келмейді. Басқа факторлар, қабылдау жердегі қысым, сепарация коэффициенті және зиянды кеңістік коэффициенті сияқты өлшемдерді өзгертуге болады. Сораптың қабылдау жерінде зиянды кеңістік пен газ факторының аз болуы оның толу коэффициентін жоғарлатады. Зиянды кеңістікті азайтуға плунжердің аяғында қосымша айдау клапаны бар сорапты қолдану арқылы жетуге болады. Бұдан, қабылдау жерінде газдың көлемі көп болатын ұңғыларда штокы бар НГН-1 сорабын қолдану тиімді емес екенін көреміз. Зиянды кеңістікті азайту сораптың цилиндріндеплунжерді дұрыс отырғызумен жетуге болады, яғни плунжер мен оның төменгі айдау клапаны балансир басының төменгі шетінде болған жағдайында сору клапанына ең аз қашықтыққа жақындайтындай отырғызу керек.


Бірмезгілде сораптың диаметрін азайтумен қатар жүрісті арттыру арқылы зиянды кеңістіктің салыстырмалы түрде көлемін азайтуға болады.

Сорапты динамикалық деңгейге сорапты батыру тереңдігін үлкейтумен сораптың қабылдау жерінде қысымның $Р_{қаб}$ көбеюінен сол жерінде газдың болуы азаяды, яғни ол $R_ж$ мөлшерін мұнайда газдың сығылуынан азаяды. Сорапты Қысымы қанығу қысымына тең болатын тереңдікке сорапты түсіру кезінде газдың зиянды кері әсері болмайды, өйткені бұндай тереңдікте еркін газ болмайды.

Белгілі мөлшерде сораптың толуына сораптың қабылдау жерінде газсұйықты қоспаны сору жағдайынан газдың сепарация коэффициентін m өзгерту арқылы әсер етеді.

Арнайы ерекше құрылғылар, яғни якорлары деп аталатын құрылғы арқылы құбыраралық кеңістікке өтетін газ мөлшерін арттыруға болады, яғни сораптың цилиндріне түсетін газдың көлемін азайтады.

ГАзды якорлардың жұмысы әртүрлі принциптерге негізделген, мысалы, сұйық ағысында газ көбікшелерінің бөлініп бетіне шығу әсерінен, арынның құйыны кезінде центрфигурлеу принципін қолдануында, серіппелі ілмектерде тәрелкелердің дірілдеуін қолдануында және т.с.с.



Сур. 18.1 - Біртұлғалы қарапайым газ якорының принципиалды сұлбасы

Біртұлғалы якорда (сур. 18.1) газсұйықты қоспа якорь тұлғасы 1 мен жоғарғы бөлігі сораптың қабылдау клапанына 4 жалғанған ортанғы құбыр 2 арасына өтеді. Арынның бағыты өзгереді, газ көпіршіктері қалқып шығадыжәне құбыр аралық кеңістікке түседі. Газдан аз болып қалған сұйық қуыс 5 арқылы ортанғы құбырға, одан кейін сорап цилиндріне өтеді.

Газ көпіршігі 3 сұйықтың төмен қарай ағысымен кетуге ұмтылады. Бұл ағынның жылдамдығы ұңғының дебиті және тұлға1 мне құбырша 2 арасындағы сақиналы кеңістіктің қима ауданынан тәуелді, яғни

$$v_1 = \frac{Q}{F - f} \qquad (2)$$

Мұнда, Q-сораптың қабылдау жағдайына байланысты газсұйықты қоспаның көлемді секундтты шығымы, F-f – газ якорының тұлға және ортанғы құбыршасы арасындағы қиманың ауданы.


Газ көпіршігінің қалқып шығу жылдамдығы $V_г$, Стокс формуласына сәйкес көпіршік диаметрінен d, сұйық және газ тығыздықтарының $\rho_{ж}$, $\rho_{г}$ айырымынан және сұйық тұтқырлығынан μ тәуелді, сондықтан

$$v_г = \frac{d^2 \cdot (\rho_ж - \rho_г)}{18 \cdot \mu} \qquad (3)$$

Газ якорының тиімді жұмыс жасау шарты, ол- $V_г > V_1$. Кері болған жағдайда газды көпіршіктер сұйық арынымен сорапқа өтіп кетеді. Егер $V_г$ жылдамдығына тәжірибелі әсер ете алмасақ, онда V_1 жылдамдығымен басқаруға болады. Оны Q ағынын екіге немесе одан да көп параллеьді ағындарға бөлу арқылы азайтуға болады. ОЛ екі-, үш-, немесе төрт тұлғалы якорларда жүзеге асырылады (сур. 18.2).


Якордің әрбәр секциясына жалпы шығымның тек ғана бір бөлігі түседі. Ол, якор тұлғасында төмен бағытталатын ағын жылдамдығы V_1 аз болатынын

білдіреді. Осы түрдегі газды якорды есептеудің әдістері бар (А.С. Вирновский әдісі), бірақ бұл әдістер қажетті сенімділікпен ерекшеленбейді, өйткені көпіршіктердің өлшемдері әр кезде әртүрлі болады, ал олардың қалқып шығу жылдамдығы Стокс формуласымен анықталатын есептікпен ығысып қозғалуынан өзгеше болады.



Сур. 18.2- Екітұлғалы газякорының принципиалды сұлбасы

Өте тиімді конструкция түрі, ол –«зонт» тәріздес газды якор түрі. (сур.18.3). Бұл жағдайда құбыраралық кеңістік иілмелі пакермен 1 жабылады. Газсұйықты қоспа якор тұлғасы 2 және сору құбыршасы 3 арасындағы сақиналы қуысқа түседі.




Сур. 18.3- «Зонт» тәріздес газ якоры.

Тұлғаның жоғарғы жағындағы қуыс арқылы газсұйықты қоспа құбыраралық кеңістікке түседі, газ жоғары көтеріледі, ал иілмелі пакер үстуінде газсыз сұйық жиналады. Бұл сұйық 4 каналы бойымен сораптың қабылдау жеріне келеді. Сорапты ұңғының зумпфына түсірген кезде газдың сепарациясы жақсы болады, өйткені осы жағдайда ол якорь-зонт принципі бойынша жұмыс жасайды.

Құмбөліну

Штангілі сорапты қондырғылардың жұмысын қиындататын тағы бір фактор, ол – алынатын сұйықта ұсақ құм және абразивті заттардың болуы. Сорапқа түскен құм, сораптың жалғанған бөлшектерінің беттерін бұзады, клапандар және цилиндр мен плунжер арасындағы қуыстар арқылы сұйықтың өтуін арттырады, ал кейде плунжердің қысылып қалуын және штангілердің үзілуіне әкеліп соқтырады. Осындай ұңғылардың жөндеу-аралық кезеңі бірнеше аптаны ғвнв құрайды, одан кейін жер асты жабдығын шығарып, сорапты алмастыру қажет. Құмның кері әсерін болдырмау үшін әртүрлі шараларды қолданады, мысалы, ұңғының түп аймағын әртүрлі шайырлармен бекіту. Бұл шайырлар түпте кристалданып, берік өткізгіштігі бар кеуекті ортаны құрайды. Сол мақсат үшін де әртүрлі сүзгіштерді, сонымен қатар сораптың қабылдау құбыршасының алдына *құмды якорь* деп аталатын құрылғыларды орнатып қолданады. Құмды якорде (сур. 18.4а) сұйық қозғалту бағытын 180^0 –қа өзгертеді, құм бөлініп, якордің төменгі бөлігіндегі арнайы қалтасында жиналады. Қалта құммен толғаннан кейін оны бетке шығарып, тазартады. Құмды якорды тиімді жұмыс істеуінің шарты, якорда көтерілетін сұйық ағысының жылдамдығы құм бөлшектерінің шөгу жылдамдығынан кіші болуы. Тәжірибе мәліметтері бойынша кері якордің (сур.18.5б) тиімділігі тік якордан жоғары, өйткені онда оырғызғыштың (насадка) арқасында төмен бағытталған құм аралас ағынның жылдамдығы артады. Нәтижесінде құмның шөгу жағдайы жақсарады.

Осы құмды якорлармен қатар құмның кері әсерімен курес үшін сораптың қабылдау клапанына жалғанатын әртүрлі сүзгіштерді қолданады. Құмның өте көп бөліну кезінде және түпке құмның жиналуын болдырмау үшін ұңғының құбыраралық кеңістігіне сұйық айдалады. Осы мақсатта ұңғыдан алынған сұйықтың бір бөлігін құбыраралық кеңістікке жібереді, сорапты түпке дейін түсіріп, сонымен көтерілетін сұйық арынының жылдамдығын арттырып, құм түпке жиналып, тығын пайда болуының алдын алады. Кей жағдайда осы мақсатпен жер бетіне арнайы сорап қондырып, ол арқылы құбырлар бойымен жұмыстары құмнан қиындаған бірнеше ұңғыларға қосып сұйық айдайды.



Сур.18.4- Құмды якордің принципиалды сұлбасы.

Сонымен, сорапты құмның кері әсерінен сақтаудың негізгі шаралары, келесілер:


- ұңғыда сұйық алуды реттеу, көбінесе оны шектеу;
- арнайы түрдегі плунжері бар сораптарды және айналдырғыш-қырғыштарды орнату;
- ұңғының құбырсыртындағы кеңістікке сұйық ағынында құмның концентрациясын азайту мақсатында мұнайды айдау және осы арынның жылдамдығын арттыру;
- арнайы құбыршалы штангаларды қолдану.

Парафин түзілуімен болатын қиындақтарды келесі әдістермен жояды.

1. Жылжымалы бу қондырғысы арқылы тербелмелі –станктың тоқтауынсыз құбыраралық кеңістікке бу айдау арқылы, ұңғыны кезеңмен жылумен өңдеу. Қыздырылған бу және одан конденсацияланатын ыстық су СКҚ-ны қыздырады, парафинді түзілімдер еріп, сұйық арынымен мұнай жинау коллекторына бағытталады.
2. Құбыраралық кеңістікке әртүрлі еріткіштерді (керосин, солярка, тұрақсыз бензин) айдау. Сорап арқылы құбырға түсіп, еріткіш СКҚ-ның ішкі бетін шайып, парафинді ерітеді.
3. Полирленген штоктың жүрісіне тең арақашықтықта штангалар тізбегіне пластинкалы қырғыштарды жапсырады. Бұл кезде штангалар арнайы механизм-арқан ілмегіне бекітілген, штангабұрғыш арқылы баяу айналады.

Өндірісте негізінен пластикалық қырғыштарды қолданады, олар парафинді жанындағы қабығымен қырады. Мұндай қырғыштардың қалыпты жұмысын қалыптастыру үшін, штангілер тізбегінің әрбір төмен жүріс кезінде белгілі бұрышқа бұрады.

Пластикалық қырғыштарды (18.5-сурет) 2,5-3 мм жұқа болаттан дайындайды және штангіге хомуттармен бекітеді, олар штангі денесін қамтиды және тек қырғыш пластинасына бекітіледі. Бекітудің мұндай тәсілі қырғышты қозғалтпайды және штангі беріктігін де бұзбайды.



Сур. 18.5 – Пластикалық қырғыш
1– штанга; 2– пластина; 3– пластинаны штангіге бекітетін хомут.

4. Қазіргі кезде СКҚ-ның ішкі қабырғалар бетіне парафин түзілуін болдырмау үшін әйнектелген құбырлар,яғни ішкі бетіне қалыңдығы 1 мм болатын әйнекпен жабылған құбырды қолданады. Бұл шара құбырлардың парафинделу қарқындылығын төмендетеді. Бірақ, соққылардан әйнектелген құбыр беті бұзылғанда, әсіресе көлбеу ұңғыларда әйнекті ұнтақпен плунжердің қысылып қалуы жиі болады.

5. Парафинмен күрестің ең радикалды әдісі ұңғыдан штангалар және құбырларды шығарып, оларды булау және жер бетіне арнайы бу қондырғысы арқылы тазалау.

Тұз түзілуімен (әсіресе гипс) болатын қиындықтар әртүрлі әдістермен жойылады, мысалы:

- Қабатқа кезеңмен әртүрлі қышқылдар ерітінділерін айдау;
- Сораптың қабылдауынан төмен жерінде арнайы мөлшерлегіш арқылы аз мөлшерде тұз түзілімдерін еріткіштер немесе арнайы реагенттер айдалады;
- Ұңғыны және сорапты жабдықты құбыраралық кеңістік арқылы еріткіштермен кезеңімен жуу.

Осы құбылыспен күресу тұздардың химиялық құрамын мұқият зерттеу және сәйкес еріткіштерді таңдауды қажет етеді.

Сорапты штангалардың қажалуы

Сорапты қондырғылардың көлбеу ұңғыларда жұмыс істеу кезінде ұзын қуыстардың бойында сорапты құбырлар және штангалардың үзщілуі байқалады. Осындай қиындықтарды азайту үшін штанга-айналдырғыштар қолданылады, ал штангалар тізбегі роликтермен жабдықталған ранайы салғыш-муфталармен қондырылады. Роликтер құбырлардың ішкі бетінде дөңгелеп, штанга немесе муфтаның құбырымен жанасуын болдырмайды.

Тұтқырлығы 0,5 Па*с –тан асатын мұнайды алу кезінде штангалар төмен қозғалғанда олардың сұйықпен үйкелу күші, әсіресе ұңғы сағасында қысым жоғары болғанда штангалардың өз салмағынан артып кетеді, яғни бұл кезде штанганың төмен қозғалысында оны «бос» болып қалуына, тұтқырлы сұйыққа штангаларды түсіру жылдамдығы балансир басының қозғалу жылдамдығынан төмен болып қалады. Осы кезде арқан ілмегінде соққылар және штангалардың

үзілуі болады. Осымен қатар, тұтқырлығы жоғары сұйықты көтеру кезінде плунжердің жоғары қарай қозғалысында сұйықтың құбырлардың ішкі қабырғасына үйкелу күші артады. Осы құбылыстардан болатын қиындықтардың алдын алу үшін штангалар мен құбырларды ең үлкен жүктемелер мен кернеулерге есептеп, оның критикалық мәніне асырмауын бақылау керек.

Сорап арқылы сұйықтың ағуы.

Уақыт өтуіне байланысты плунжер бетінің жұмысшылары тозады да, нәтижесінде олардың арасындағы қоқыстар артады. Бұл бөлшектердің тозуы әсіресе ұңғыларда болады, олардың өнімінде құм болады, сонымен қатар айдалып жатқан сұйықта коррозиялық қабат суы және күкіртті газдар болғанда.


Жұмыс кезінде сорап көтергіш құбырлардағы сұйық бағанының ауырлақ күші тудыратын бірнеше мегапаскаль (кгс/см^2) қысымды сезінеді. Мұндай қысым кезінде сорап плунжері мен цилиндрінің арасындағы қоқыстар арқылы ағатын сұйық көлемі маңызды болуы мүмкін. Бұл сұйық плунжермен тазартылған цилиндр көлемінің бөлігін толтырып, ұңғыдан келетін жаңа сұйықпен толуын азайтады.

Плунжер мен цилиндр арасындағы қуыстан сұйықтың ағуын алдын-алу үшін плунжерді сорап цилиндірінің ішкі бетіне әкелу қажет. Ұңғы тереңдігі неғұрлым үлкен болса, плунжерді соғұрлым мұқият әкелу қажет, себебі ұңғы тереңдігі артқан сайын, және сораптың түсіру тереңдігіне сәйкес плунжерге түсетін қысым артады. Бірақ саңылаудың өте қатты азаюы, яғни плунжерді бос әкелу, әрқашан ыңғайлы емес, себебі цилиндрде үйкеліске кедергі туындауы мүмкін және бұл плунжердің тоқтауына, сораптың істен шығуына, сонымен қатар сорапты штангілердің үзілуіне әкелуі мүмкін.

ШТСҚ-ны динамометрлеу

Полирленген штоққа оның жүрісіне байланысты түсетін жүктеме диаграммасын түсіру – *ШТСҚ-ны динамометрлеу* деп аталады. Ол күш өлшегіш тіркеу аспабы - динамометрмен орындалады.

Теориялық динамограмма сур. 18.6-де көрсетілген. Газдың болмау жағдайында, бірнеше тереңдікке түсірілген қалыпты жұмыс істейтін сораптың нақты үлгілі динамограммасы оған түсірілген (үзілме сызықпен көрсетілген).



Сур. 18.6 - Аз тереңдікке қалыпты жұмыс жасайтын штангалы сорап қондырғысының теориялық динамограммасы (үзіксіз сызық), нақты динамограммамен біріккен (үзілме сызық).


аб сызығы құбырлар мен штангалардың деформациясын біллдіреді және сұйық салмағынан штанганың алған жүктемесін белгілейді. Ол бастапқы қозғалмайтын нүктеден (б.қ.н.) басталып λ шамасына штоктың қозғалуында болады.

б*в* сызығы – плунжердің пайдалы қозғалысы, бұл кезде штокка түсетін статикалық жүктеме штангалар мен сұйықтың салмағына тең.

Нүкте жоғарғы қозғалмайтын нүктеге (ж.қ.н.) сәйкес келеді. *вга* сызығы – төменге қозғалыс, штангалар мен құбырлар деформацияланады, кері жағдайда ашу клапаны ашылғандықтан штангалар өзінің жүктемесін жоғалтып, қысқарады, ал құбырлар (сору клапаны жабылады) жүктемеге ие болып, созылады.

Нақты динамограмма әрқашан теориялықтан өзгешеленеді. *бв* сызығынан жоғары пунктирдің көтерілуі үйкеліс және жүйе инерциясымен байланысты қосымша жүктемелердің пайда болуын көрсетеді, осымен төмен қозғалу кезінде *га* сызығынан пунктирлі сызықтың төмендеуі түсіндіріледі. Түсірілген динамограмманы зерттеп, оны теориялықпен салыстыру арқылы ШТСҚ жұмысында әртүрлі ақаулар мен қиындықтарды байқауға болады. Мысалы, *б* және *г* нүктелерінің оңға қарай ығысуы жүктеменің құбырдан штангаға ауысу үрдісінің уақыты ұзақ созылу нәтижесінде болатын сораптың сору бөлігіндегі өткізілулердің (пропуски) болуын көрсетеді. Айдау бөлікке өткізулердің болуы плунжермен босатылған цилиндр көлемінің толуына әкеледі, ал ол плунжерді астынан ығыстырады. Айдау бөлікте өтулер (сору клапан) болған жағдайда кері құбылыс болады. *б* және *г* нүктелері солға қарай ыығысады. Қабылдау бөлігінде сұйықтың ағып кетуінен плунжер астынан итеруді тез жібереді және штангалар сұйықтың салмағын тез қабылдайды.

Динамограммада ШТС-қа түмкен газдың кері әсері де көрінеді. Осы жағдайда к нүктесінен аг сызығына өтуі жаймен болады, ол цилиндрдегі плунжер астында газдың сығылуын білдіреді. Динамограммалар плунжердің цилиндрде дұрыс отырғызылуын білдіреді.



Сур. 18.7- Динамограммада штангалы сораптың жұмыс ақауларының көрсетілуі.

а – айдау бөліміндегі өткізулер, *б* - сору бөліміндегі өткізулер, *в* - газдың әсері, *г* - плунжерді төмен отырғызу, *д* - құбырлы сорап цилиндірінен плунжердің шығуы, *е* - салынбалы сораптың жоғарғы шектеуші бұрандасына плунжердің соғылуы.

Төменгі қозғалмайтын нүкте жанында жүктеме қысқа уақыт болуында, $P_{шт}$ төмен кезінде, плунжердің сору клапанына соғылуын көрсетеді. $P = P_{ш} + P_{ж}$ тен жүктеменің ж.қ.н. аймағында күрт төмендеуі плунжердің сорап цилиндрінен шығып кетуін білдіреді (егер сорап салынбайтын болса), ал салныбалы сорап кезінде ж.қ.н. –де ең жоғарғы мәнге ие болған кезде – цилиндрдің шектеу бұрандасына плунжердің сооғылуы болады (сур.18.7). Осындай динамограмалардың көрсетулері тек ғана шектелген жағдайларда болады (аз тереңдіктер, қатты штангалар, плунжердің кіші диаметрі). Тербелісті жүктемелер болған кезде динамограмма бұзылып кетеді , ал қалыпты жұмыс жасайтын сораптың өзінде динамограмманың түрі өте күрделі болып қиындайды. Бұл қалыпты динамограммаға, штангаларда болатын тербелісті үрдістермен болатын, ал олар штангалардың өзінің серпімді қозғалыстары мен тербелмелі-станоктан болатын тербелістердің әрекеттесулер нәтижесінде жүктемелердің беттесуі болады.

Жалпы ШТСҚ-ны динамометрлеуі қондырғының толық жұмысы туралы маңызды мәліметтер береді. Автоматтандырылған кәсіпшілікте ол ортанғы диспечерлі пунктен дистанционды түрде жүзеге асырылады. Осы мақсатпен тербелмелі-станоктар күтер мен салмақтардың арнайы тензометрлі датчиктерімен және полирленген штоктың жүріс датчиктерімен жабдықталады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сораппен жабдықталған ұңғылардың калыпты жұмысы қандай себептерден бұзылады?
2. Құмның сорап жұмысына кері әсерінен сақтай шараларын атаңыз?
3. Сорапты құбырлар депарафинизациялаудың термиялық әдісі?
4. Динамограмма бойынша нені анықтауға болады?
5. Динамограф деген не және ол қалай жұмыс істейді?

Әдебиеттер тізімі

1. Инструкция по классификации, расследованию и учету аварий при бурении скважин на нефть и газ. - М.:ВНИИОЭНГ, 1979. - 26 с.
2. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.
3. Временная инструкция по применению наполнителей для предупреждения и ликвидации поглощения бурового раствора при проводке скважин. РД 39-2-827-82. Б. Курочкин и др. – М., 1984.
4. Пустовойтенко И.П. Предупреждение и ликвидация аварий в бу-рении. – М.: Недра, 1984.

Дәріс №19. Тақырыбы: Тазалау агенттерінің дайындау құралдарының техникалық қызмет көрсету,монтаждау және оларды қоқыстан тазалау кезіндегі туындайтын қиындықтар.

1. Бұрғылау ерітіндісін дайындау
2. Бұрғылау ерітіндісін қоқыстан тазалауға арналған жабдықтар.


Бұрғылау ерітіндісін дайындау

Бұрғылау ерітіндісін дайындау лай араластырғыш, гидроараластырғыш, гидравликалық араластырғыш және фрезерлі дирменнің көмегімен жүзеге асырылады (сурет 19.1 және 19.2)

Лайараластырғыш жұмысының монтажынан кейін және алдында оның беттерінің, сенімділігін, ременді беріліс орталығын, ременді және тісті беріліс шектелуінің күйін және жүктеу люгінде торлардын бекітілу сенімділігін тексереді. Біліктің сальникті тығыздағыштың күйін және мойынтіректердің майлануын тексереді. Гидро және гидравликалық араластырғыштардың жұмысының алдында барлық құбыр өткізгіштердің (әсіресе жоғарғы қысымдағы құбыр өткізгіштердің), күйін, сонымен қатар гидроматорлардың және гидроциклонды қондырғының күйіне ерекше назар бөлінеді. Олардың бір жарым есе максималды қысымға сынайды.

Пайдалану үрдісінде күн сайын үйкелісетің беттердің, сальникті құрылғылардың және шектеулердің күйін бақылайды. Мойынтіректерді майлаудың жүйеді түрде қадағалайды. Мойынтіректерді майлауды аптасына бір рет жүргізеді.

Гидро маторларды тексеру уақытында торды қатты қосылыстардан және басқа өзге заттардан тазалайды. Штуцерлердің күйін тесіктерінің тозуын тексерумен бақылайды. Тозу кезінде тесік диаметірі үлкейеді, ол бұрғылау ерітіндісінің қызу қысымының төмендеуіне әкеледі, сәйкесінше гидро және гидравликалық араластырғыштардың өнімділігін төмендетеді.




1-бункер; 2-араластыру камерасы; 3-люк; 4-резервуар; 5-қанқа тіреуі; 6бұрғыш; 7-штуцер; 8-түтікше

19.1сурет. Гидравликалық араластырғыш;

Бұрғылау ерітіндісін гидроараластырғышта немесе сорғыдағы гидравликалық араластырғышта дайындау алдында гидро немесе гидрараластырғыштың максималды жұмыстың қысымына сәйкес келетін қысымға сақтандырғыш диафрагмалар орнатады.Бұрғылау ерітіндісін дайындап болғаннан кейін гидро немесе гидроараластырғыш жақсылап сумен жуады.

Фрейзерлі диірменді жұмыссқа қосу алдында және монтаждан кейін қақпақтың диірмен корпусына жату тығыздығын, сақтандырғыш, плитаның жағдайын резинкелі төсеніштерден кейін,жетек ременнің тартылуын және бункердің тазалығын (лайдын және басқа заттардың болуы жіберілмейді) тексереді. Одан кейін роторды қолмен диірменнің дұрыс жиналғанына көз жеткізу үшін бұрайды.



1корпустың төменгі бөлігі; 2плита; 3ротор; 4бекіту қуысы; 5құю лотогы; 6білік; 7кезекті бет; 8шығу торы; 9қақпақ; 10корпустың жоғарғы бөлігі; 11кесіндегіш қалқан; 12шарнирлі ось; 13қуыстық отырғызулар; 14бункер; 15шарнирлі ось;16сақтандырғыш плитасы;17қақпан қақпағы;18тіреу штангасы; 19сақтандырғыш штиві; 20тіркеу төлкесі; 21резенкелі төсеніш; 22қақпан қақпағы; 23қақпан; 24қаңқа тіреуі;

19.2сурет. Фрейзерлі диірмен;

Диірменді жұмысқа қосу келесі ретпен жүзеге асырылады. Элэктроқзғалтқышты қосады, құбыр өткізгіште тартпалы ашады.

Фрейзерлі диірменді жөндеу кезінде келесі беттердің күйіне,кескіндегіш қалқанның, сақтандырғыш плитаның,қуыстық отырғызылудың және қақпан қақпағының күйіне ерекше назар аударылады. Диірменнің корпысын және қақпа тіреуіш жөндеу негізінен пісіру жұмыстардың жүргізілумен байланысты. Беттік біліктің тозған беттерін механикалақ өңдеумен жалғастырып балқыту арқылы қалпына келтіріледі. Тозған кескіш жиегі біреу кезекті беттерді 180 градусқа бұрады,ал екі жиегінен де тозуы кезінде жаңасын ауыстырады. Капиталды жөндеу кезінде ротордың теңестірілуі жүргізіледі. Тенестіруді ротор бетіне түзету массасының (пластинаның) лісіруден кейін орындайды. Жөндеу аяқталғаннан кейін фрейзерлі диірменді алдымен бос жүріске,содан кейін оған сұйықтық жіберумен сынайды. Бос жүрісте сынақ кезінде діріл деңгейін бөтен соққылар болуын мойынтіректің қызу дәрежесін және сальникті тығыздағыштың қысқыш буксасының дәрежесін анықтайды. Су жіберумен сынау кезінде корпустың қақпанның, сальникті тығыздағыштың герметикалылығын және мойынтіректердің және сальникті тығыздағыштың қысқыш буксасының дәрежесін анықтайды.

Бұрғылау ерітіндісін қоқыстан тазалауға арналған жабдықтар.

Вибросит және сит конвейердің монтажынан кейін және жұмысының алдында тордың және жетекші клин тәрізді ременнің тартылу күйін,барабан


тіреуінің, доңғалақтың және шкивтің бекітілу сенімділігін, гидравликалық дңғалақта және ременді берілісте қабының жарамдылығын, мойынтіректердің майлау күйін тексереді.

Жетекті біліктің тартылуын гидравликалық дңғалақты ығыстырумен, ал тордын тартылуын жетекші барабанның тартылуымен жүзеге асырылады.

Гидроциклнды қндырғыларда жұмысты басталмай тұрып виброситтің гидрциклондардың, қоқыстық сорғылардың және олардың орамдарының жарамдылығын тексереді.

Виброситте болттың қосылыстардың бекітілу сенімділігі,торлар мен жетекті ремендердің күйін және мойынтіректердің майлану күйін тексереді. Электроқрзғалтқыштың білігінің айналу бағытын бақылайды. Егер виброситтің жұмыс жасау кезінде қоқыс тор бойтмен жғарыға қарай орын ауыстырса,онда біліктің айналу бағытын өзгертеді.

Гидроциклонда бекітілген қоректену және құмдыотырғызылу өлшемдерінің сәйкестігін,және сұйықтықтың қажет өтілетін тазалау дәрежесін тексереді. Барлық төрт гидроциклондарда бірдей жұмыс режимдерін қамтамассыз ету үшін бірдей өлшемдердегі отырғызулар мен түтікшелерді орнатады. Қоректендіргіш отырғызулар мен түтікшелердің кіші өлшемдері кезінде жуып шаю сұйықтығының тазалануы қамтамассыз етіледі. Құмды отырғызулардың өлшемдерін қондырғыға келетін жуып шаю сұйықтығында қатты бөлшектердің пайыздық құрамына тәуелді таңдайды



1метал корпус; 2отырғызылу; 3резенкелі корпус; 4кезекті резенкелі құмды отырғызылу; 5қоректендіргіш отырғызылу; 6метал сақина;

19.3-сурет. Гидроциклон.

Құрамында қатты бөлшектердің 4 пайызға дейін көлемі кезінде жуып шаю сұйықтығы үшін диаметірі 10-20 мм тесігі бар құмда отырғызулар орнатылады. Қатты бөлшектердің үлкен көлем кезінде құмды отырғызулар өлшемдері үлкейтіледі.

Жуып шаю сұйықтығының шығынын төмендету мақсаты мен гидроциклонның жұмыс режимін орнатады, ол тығыздығы 1600кг\м^3 қоқыс массасының ағып кетуін қамтамассыз етіледі.

Қарқынды гидрообразивті тозуға ұшырайтын бөлшектердің, сонымен қатар қоректендіргіш және құмды отырғызулардың, түтікшелердің тозуын әрдайым тексеріп отырады. Тозу шамасына қарай жаңасына ауыстырылады.

Қондырғының жұмыс жасау алдында (сыйымдылықтың сұйықтықпен толуына дейін) қоқысты сорғыда тордың болуын сорғының және қозғалтқыштың мойынтіректерінің майланун және біліктің айналу бағытын (білік сағат тіліне бағыттас болуын тексереді)

Ситогидроциклонды қондырғаны іске қосу келесі ретпен жүргізіледі, қақпақты ашады виброситті іске қосады, сыйымдылық, қондырғы сыйымдылығы жуып шаю сұйықтығымен жартылай толған кезде қоқысты сорғыш іске қосады. Көрсетілген барлық операцияларды кері бағытта орындай отырып қондырғының жұмысын тоқтатады.

Бақылау сұрақтары:

1. Бұрғылау бағанасының элементтерінен болған апаттар.
2. Бұрғы құбырының үзілуі.
3. Сәтсіз цементтеуден болған апат.
4. Двигательдің бөгде заттардың түсіп кетуі.
5. Ұңғымаға бөгде заттардың түсіп кетуі.

Әдебиеттер тізімі

1. В. П. Бондаренко. Предупреждение аварий и осложнений при бурении добыче и транспортировке нефти и газа : Сборник кейсов для студентов специальности 5В070800 – Нефтегазовое дело / - Версия . - Шымкент : ЮКГУ, 2017 о=эл. опт. диск (CD-ROM) Экземпляры: всего:1
2. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537
3. Басарыгин Ю.М., Булатов А.И., Проселков Ю.М. Осложнения иаварии при бурении нефтяных и газовых скважин: учеб. пособие для вузов / ООО «Недра-Бизнесцентр». – М., 2000. – 677 с.
4. Инструкция по классификации, расследованию и учету аварий при бурении скважин на нефть и газ. - М.:ВНИИОЭНГ, 1979. - 26 с

Дәріс №20. Тақырыбы: Ұңғыда судың пайда болуы және олардың болдырмаудың жолдары, алдын алу.

1. Ұңғығы судың жарып өту себептері
2. Уақытынан бұрын сулану
3. Жеке нысан ретінде бөлінетін қабаттар нақты шарттарға сәйкес болуы

Газ кен орындарының көбісі суарынды режим жағдайында игеріледі (яғни сутасығыш облысқа су мұнайлы ауданға енеді және өндіретін ұңғыма түптеріне мұнайды ығыстырады).

Газды сумен ығыстыру кезінде газды ұңғымаларда заңдылықты сулану болады.

Мұнайды жинау кезінде өндіруші ұңғымаларда су жарылымы болады.



Кесте. 20- Ұңғылар суланудың негізгі факторларының классификациясы.

Ұңғығы судың жарып өту себептері мыналар:

- өткізгіштілігі және шөгінділердің біртексіз қабаттылығы (қабат қалыңдығы бойынша);
- ығыстырудың тұрақсыз тұтқырлығы;
- өндіруші және айдаушы ұңғымаларды орналастыру ерекшеліктері;
- табан суларының жиналуы;
- қабаттың еңкіштігі;

- жоғары өткізгіштіктің каналдары мен жарықтардың болуы, әсіресе жарықшақты-кеуекті коллекторларда;
- пайдаланушы тізбектің және цементті сақинаның саңылаусыздығы.

Көптеген зерттелурдің нәтижелері бойынша өндіру ұңғыларының сулану факторларының классификациясына (сур. 20) сәйкес, ұңғылар өнімінің сулануының негізгі себептері екі үлкен топқа бөлінеді:

техникалық;

геология-физическалық және технологиялық.

Техникалық себептердің топтарына бұрандалы қосылыстардың әлсіреу әсерінен, коррозиялық қирауының, электр тоғынан күйуі, жөндеу жұмыстары кезінде құбырлардың механикалық бұзылуы және басқа да себептерден өнімді перфорация интервалынан ұңғы бекітілуінің қирауынан пайдалану тізбегінің саңылауының бұзылуы жатады.

Екінші факторлар топтары өнімді қабаттардан түсетін сулар әсерінен ұңғылардың сулануымен байланысты себептерін біріктіреді. Қабаттарды біріктіріп пайдалану кезінде ұңғылардың сулану қарқындалығы қжыныстардың физика-геологиялық қасиеттерінен және үлкен қысымдармен табиғи түрде су айдау кезінде оларды қанықтыратын сұйықтардан тәуелді. Су мен мұнай тұтқырлықтарының айырмасы аудан бойынша және қалындығы бойынша қабатта су фронтының біртекті емес қозғалу үрдісін күшейтеді.

Уақытынан бұрын сулану келесілердің нәтижесінде болуы мүмкін (сурет 20.1):

-зоналы біртексіз шөгінділердің ауданы бойынша айдалатын су «тілдерінің» түзілуі; (сулануды аудан бойынша қамту)


- табан суларынан конустың пайда болуы;

- өткізгіш қабат бойынша (қабат қалыңдығы бойымен қамту) судың озып қозғалуы;

- жоғары өткізгішті жарықтар бойымен судың қозғалуы;

- тізбек пен цементті сақина саңылаусыздығының әсерінен жоғарғы, ортаңғы және төменгі сулы қабаттардан судың келуі.

Қабаттар мен ұңғымалардың уақытынан бұрын сулануы мұнай өндіруді төмендетуге және соңғы мұнай бергіштікке (шайылған белдеулерде су пайдасыз қозғалады), үлкен экономикалық шығындарға, тасымалдауға, судың үлкен көлемін қабатқа дайындауға және қайта айдауға әкеледі



Сур. 20.1 - Өндіру ұңғысына судың өтуі.


Қабат қысымы мен шығымына, қабаттың физикалық қасиеттеріне байланысты қабат саны мен оқпан жұмысының термодинамикалық шарттары бойынша газды және газконденсатты ұңғымалар бірнеше қабаттарды бірігіп пайдалану үшін фонтанды құбырлармен жабдықталады, ал ал қабаттарды жеке пайдалану кезінде пакерлер мен фонтанды құбырларын пайдаланады.

Пайдалану нысандарды, яғни жеке игеру объектісін дұрыс таңдау және бөлу өте маңызды болып табылады.

Жеке нысан ретінде бөлінетін қабаттар мына шарттарға сәйкес болуы керек:


- ✓ өндіретін газ қорын рентабельдігі;
- ✓ өткізбейтін жыныстардан жоғары және төмен жатқан жыныстармен бөлінетін, бір немесе бірнеше газға қаныққан қабаттар болу керек;
- ✓ қабат қысымының, ұңғыны пайдаланудың технологиялық режимдері мен қабаттарды игеру режимдері, литологиялық-физикалық қасиеттері жағынан жақын болуы жеткілікті;
- ✓ агрессивті компоненттері жоқ болуы шарт (H_2S, CO_2).

Бірнеше қабаттарды бір пайдаланушы нысанға біріктіру мақсаты – ұңғыма шығымын арттыру және газды алу шектерінде қазбаларды қорғау шарттары мен кен орынды игеруді реттеуде ұңғылардың санын қысқарту.



Сур. 20.2- Сулану тілдердің пайда болу сұлбасы »: *1-сыртқы мұнайлылық нұсқасы; 2-ішкі мұнайлылық нұсқасы; 3-шоғырдың сулану сызығы; 4-ұңғымалар*

Қабаттан мұнайды шығару шарасы бірнеше сумұнайлы байланысын біртіндеп көтереді, ал мұнайлылық нұсқасы шөгінді орталығына тартылады. Әуелі мұнай нұсқасына жақын орналасқан ұңғылар суланады, ал содан кейін шөгінді ортасындағы ұңғылар суланады. Нұсқа суы ұңғы түбіне жеткенде қабатты пайдалану тоқтатылады, мұнайдың орнына барлық ұңғылардан су алынады. Қабат толығымен сулануына қарамастан, қабатта әрқашан едәуір мөлшерде игерілмеген мұнай қалады.



Сур. 20.3- Сулану конусының пайда болуасы.

Барлық үрдістердің нәтижесінде су нұсқасы бірқалыпсыз қабат ортасына жылжуы мүмкін, ол «сулану тілдерінің» түзілуіне әкеледі. (20.3-сурет).

Су «тілдерінің» болуы қабатты жоспарлы пайдалануды қиындатады. Қабат мұнайы уақытынан бұрын суланады: бөлек «тілдер» бір-бірімен бірігуі мүмкін және қабатты оқшауланған аудандарға бөледі.

Қабатта көп мөлшерде игерілмеген мұнай қалуы мүмкін және қабаттың табан бөлігініңбарлығын су басуы мүмкін. Ұңғыдан мұнайды интенсивті шығару

мұндай жағдайларда күшпен көтеруді және ұңғы түбінің астынан ұңғының түп маңы аймағында «сулану конусы» түзіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұңғымалардың уақытынан бұрын сулану себептері
2. Ұңғыға судың жарып өтуі себептерін атаңыз.
3. Сулану «тілдері» және конустың пайда болуы.
4. Ұңғы түбінен суларды жоюдың қандай әдістері бар?
5. Жеке нысан ретінде болатын қабаттар қандай шарттар қойылады?

Әдебиеттер тізімі

1. И. Г. Яковлев, В. П. Овчинников, А. Ф. Семененко, Т. М. Семененко Предупреждение и ликвидация осложнений, аварий и брака При строительстве скважин Тюмень : ТюмГНГУ, 2014. — 156 с.
2. Басарыгин Ю.М., Булатов А.И., Проселков Ю.М. Осложнения иаварии при бурении нефтяных и газовых скважин: учеб. пособие для вузов / ООО «Недра-Бизнесцентр». – М., 2000. – 677 с.
3. Ясов В.Г., Мыслюк М.А. Осложнения в бурении. – М.: Недра, 1991. – 334 с.

Дәріс №21. Тақырыбы: Құм тығындарын жою әдістері.


1. Құм тығындарын жою
2. Ұңғыда құм тығынын тік жуу әдісі

Ұңғыны қалыпты пайдалану ұңғы түбінде құм тығындарының түзілуімен жиі бұзылады. Қабаттары борпылдақ құмдардан құралған ұңғымаларда тығындардың қуаттылығы 200–400м–ге жетеді. Кейде тығын құм сұйық және газ бағандарынан тұрады. Мұндай тығындар оқты деп аталады.

Егер түпте құмды тығындап түзілсе, онда қабаттан мұнай ағуы болмайды және ұңғы пайдалануы тоқтатылады. Пайдалануды жаңарту үшін ұңғыдан жинақталған барлық құмды қауғаның көмегімен алып тастау керек. Әдеттегі қауға диаметрі 75-100мм табақшалы немесе клапанды тұратын құбыр төменгі бөлігінде және жоғарғы жаққа бағытталады. Мұндай құбырдың ұзындығы әдетте 8 - 12м аспайды.

Қауғаны ұңғыға арқанмен түсіреді. Тығынға 10-15м қалғанда моторист лебедка тежегішін жібереді және қауға өзінің ауырлық күшінің әсерінен құмды тығынға соқтығысады. Бұл кезде клапан ашылады және құмның кейбір мөлшері қауғаға кіреді. Қауға көбірек толу үшін тығынға бірнеше рет ұрады.

Қарапайым қауғадан басқа поршеньді әрекетті қауғалар қолданады. Олардағы ұңғы түбінен құмды аулау поршеньннің жоғары қарай қозғалысы кезінде оның жұмыс ортасында вакуум туындау нәтижесінде болады. Сонымен қатар автоматты қауғалар қолданылады, олардың жұмыс принципі ұңғы түбінде қысымның күрт төмендеуіне негізделген.



Сур. 21.1 - Құбырсыз гидробур

Тығыз тығындарды бұрғылау үшін құбырсыз гидробур деп аталатын құрал қолданылады. 1000м тереңдікке дейінгі ұңғымаларда құмды тығындарды бұрғылауға болады. Гидробур (21.1 – сурет) келесі негізгі түйіндерден тұрады: *1*–түптік ұру қашауы, ол тығынды бұзады; *2*-құм жиналатын қауға; *3*–түп маңы аймағында сұйық айналымын туындататын плунжерлі сорап.

Гидробур әрекетінің принципі келесідей:

Құрал түпке құлағаннан кейін (21.1- сур, а) 4-сорап плунжері өзінің ауырлық күші әсері және инерциясымен ұру кезінде төмен қозғалады, 6-қапталдық тегіс клапан тесігі арқылы 5- корпустан сұйықты ығыстырады. Түптен жоғары құралды көтерген кезде (21.1 б- сурет) алғашқыда плунжер қозғалады, 8- шарикті клапан арқылы 7- қауға корпусынан сұйықты беру жүргізіледі . Осымен бір уақытта 9- орталық құбыр арқылы қауғаға 10-қашаудан түптен сұйық шығарылады. Түптен көтерілген сұйық , орталық құбырдан шыққаннан кейін ағын жылдамдығының күрт төмендеуі нәтижесінде қауға түбінде төгетін құм бөлшектерін өзімен бірге алып шығады. Түпке бірнеше рет ұрғаннан соң қауға құммен толтырылады.

Гидробурды шығарғанда қамау шешіледі және пайда болған тесік арқылы құм қауғадан шығады. Бұрғылау аяқталғаннан кейін лайланғыш сұйықты ұңғыдан шығару үшін гидробурға қашаудың орнына кері клапан жалғанады және құрал әдеттегі пневматикалық қауға ретінде жұмыс жасайды.


Ұңғы оқпанын құмды тығындардан қауғамен тазарту, сонымен қатар гидробурмен–ұзақ және аз тиімді операция: Қауғаның әрбір рейсінде жоғарыға өте аз құм шығарылады. Сонымен қатар арқан тозады, арқанның үйкелуі нәтижесінде пайдаланушы тізбек бұзылады. Сондықтан мұндай әдіс тығын қуаты аз терең емес қондырғыларға қолданылады. Ұңғыдан құмды тығынды жоюды шаю арқылы жүргізу. Ұңғылардағы құмды тығындарды жою тәсілі оларды сумен немесе мұнаймен шаю келесіден тұрады.Ұңғыдағы тығынға дейін шаю құбырларының тізбегін түсіреді. Осы құбырлар арқылы немесе құбыр сырты кеңістігі бойынша қысыммен сұйық айдайды. Ағын әсерінен тығын шайылып кетеді. Шайылған жыныс сұйық ағынмен бірге пайдаланушы тізбе пен шаю құбыр тізбегі арасындағы сақиналы кеңістікпен көтеріледі.

Ұңғыда құм тығынын тік жуу әдісі деп жуу құбырының өзінен сұйықты айдап, ал құм аралас сұйығы құбыр сыртындағы кеңістіктен шығарылуын айтамыз. (21.2 а – сурет).

Мұндай әдіс кезінде жуу құбырдың табаны тығынның өзіне батырылмай орналасады.

Сұйықты жуу желісі, иілгіш шлангасы және вертлюг арқылы сораппен құбырға айдайды. Шығатын сұйық ағыны шайылған жыныспен бірге құбыраралық кеңістік бойынша көтеріледі және ұңғы сағасында орнатылған науадан санға дейін ағатын жәшікке құйылады.

Тығынды шаю шаралары бойынша шаю құбырларын баяу түсіреді. Осыдан кейін құбыр сырты кеңістігінен салыстырмалы таза сұйық шыққанға дейін айдайды. Сонда мұнара биіктігіне тәуелді жаңа құбырды немесе екі құбырлықты өсіреді.



Сур.21.2. Құмды тығындарды жууға арналған жабдық:
1-пайдалану тізбегі, 2-жуу құбырлары, 3-сызық сұйықты алу үшін, 4-вертлюг, 5-жуу шлангісі, 6-тұрғыш; 7-сағалық сальник, 8-жуу

Тік шаюдың оның тиімділігін төмендететін көлемшілігі, шығып келе жатқан сұйық ағысының төмен жылдамдығы болып табылады. Оның нәтижесінде шайылған құм баяу жоғары шығады. Пайдалану тізбегінің үлкен диаметрі кезінде шығып келе атқан сұйық ағынының жылдамдығы құмның ірі бөлшектерін шығару үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Кері шаю кезінде (2,б - сурет) шаю сұйықтығы пайдалану тізбегі мен шаю құбырлары арасындағы сақиналы кеңістікке айдалады, ал шайылған жыныс көтергіш құбырлармен көтеріледі.

Кері шаю тік шаюмен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар:

1. *шаю сорабының бірдей өндіргіштігі кезінде кері шаю кезіндегі шайылған құмды көтерілу жылдамдығы тікелей шаю кезіндегі жылдамдықтан бірнеше есе көп, ал бұдан айтарлықтай дәрежеде құмды тығынды жою мерзімі тәуелді.*

2. *құбырлардың қысылып қалуы айтарлықтай болмайды, себебі бұл жағдайда шығарылатын құм түйіршіктері жуу құбырлары арқылы өтеді, ал құбыраралық кеңістікте таза сұйық қозғалады.*
3. *кері шаюды сораптың шығатын жеріндегі қысымның аз мөлшерімен жүргізуге болады, себебі құмды шығаруға қажетті ағын жылдамдығы сұйықтың аз көлемімен орындалуы мүмкін.*

Бұл артықшылықтарымен қатар кері шаюдың кемшіліктері де бар: ұңғы сағасын саңылаусыздандыру үшін арнайы қондырғыларды қолдану қажет; төмен жүрісті ағын жылдамдығы сақиналы кеңістікте аз және әрқашан жыныс шайылуын болғыза бермейді.

Кері шаю тәсілін өте тығыз тығындарды жою үшін қолдануға болмайды. Мұндай жағдайларда аралас жууды қолдану қажет.(21.2, в - сурет)

Құрастырылған шаю тәсілінде шаю сұйықтығының ағынын сораптан үзілісті бағыттайды, біресе шаю құбырларына, біресе құбырсырты кеңістігіне. Тығынды шаю үшін шаю сұйықтығын құбырға айдайды, яғни тікелей шаюды жүзеге асырады.

Құмның кейбір бөлігін шайғаннан кейін оны жоғарыға тезірек шығару үшін шаю сұйықтығының қозғалыс бағыты қарама – қарсыға өзгереді; яғни кері шаю болады.

Құрастырылған шаю керіден қиындау, бірақ ол айтарлықтай тиімді.

Шаю сұйықтығы ретінде суды, мұнайды, кейде сазды ертіндіні қолданады. Аса ыңғайлы және арзан шаю агенті су болып табылады; суды ұңғыға беру оңай, ол өртке қауіпті емес, суды қолдану кезінде арнайы қауғалық жүйе және тұндырмалар қажет емес, себебі жұмыс жасап болған суды ұңғыдан тікелей өнеркәсіптік канализацияға жіберуге болады.

Суды қолдану көп жағдайларда келесі ұңғыны меңгеруі мен пайдалануын қиындатады және құмды тығындардың пайда болуына әкеледі. Сондықтан шаю сұйықтығын таңдау бәрінен бұрын ұңғы сипатына тәуелді.

Сазды ертінділерді шаю үшін кей жағдайларда қолданады, қабат қысымы жоғары фонтанды ұңғымалар мен тығыздықты жоғары дәрежеде ұстап тұру керек болғанда қолданылады.Ұңғының сүзгі аймағын шаю кезінде шаю сұйықтығы жұтылып кетеді де, айналу тоқталып, қайта қалпына келмейді. Сонда құм тығындарын жою үшін аэрирленген сұйықпен кері шаю тәсілі қолданылады, мұнда сығылған ауамен ұңғыны үрмейді немесе қауға көмегімен тығынды механикалық алып тастайды.

Шаю құбырлары ретінде әдеттегі сорапты – компрессорлы құбырлар қолданылады. Негізгі жабдықтар – қозғалмалы сораптар, олар автомашинада немесе трактордa орнатылып, және олардың қозғалқыштарымен жұмыс жасайды. Мұндай қондырғыларды шаю агрегаттары деп аталады.

Шаю агрегатын ұңғы қасына орнатады, ал сұйықтың берілуін агрегат қозғалтқышының жылдамдығын қайта қосумен реттейді.

Азинмаш - 32М шаю агрегаты Т – 100М тракторына орнатылған. Оның негізгі түйіндері: қуат таңдау түйіні, беріліс қорабы, шынжырлы беріліс, 1НП – 160 сорабы, манифольд және басқару механизмі.Үш плунжерлі, көлденең,

жалғыз әсер ететін сораптар, қысым диапазоны 4 – тен 160МПа – ға дейін беріліс 10 - нан 3 л/с–дейін. Плунжер жүрісі мен диаметрі – 130мм. Минуттағы екі жүрістердің үлкен саны – 168.

Агрегат 100мм қабылдағыш резиналы қолғаппен жабдықталған, ол сораптың қабылдағыш коллекторымен байланысқан. Диаметрі 50мм арынды желі жоғары қысымды және бақылау кранымен бұрыстық тығындық кранмен жинақталған. Агрегаттық арынды желісін ұңғыға жалғау үшін иілгіш металл шланг қолданылады.

Азинмаш – 35 агрегаты 3ИЛ – 130 автомобилінің жолына орнатылады. Агрегат қысымының диапозоны – 4 тен 16 МПа – дейін, беріліс – 17 – ден 4 л/с – дейін. 2НП – 160 агрегатының сорабы 1НП – 160 сорабымен унификацияланған және соңғысымен жүріс саны арт ық екендігімен ерекшеленеді, сонымен қатар клапандары мен қабылдағыш коллекторларымен.

Бақылау сұрақтары:

1. Аралас жуудың мәні неде?
2. Кері жуудың артықшылықтары неде?
3. Тік жуудың кемшілігі неде?
4. Жуу сұйығы ретінде нқандлай сұйықтарды қолданады?
5. Гидробурдың жұмыс істеу принципі қандай?

Әдебиеттер тізімі

3. «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы», Оқу құралы /А.К. Тәжібай, Г.Б. Оразбекова, А.Б. Марқабай/ Нұр-Сұлтан: «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020 ж. - 292 б.

4. В. П. Бондаренко. Предупреждение аварий и осложнений при бурении добыче и транспортировке нефти и газа : Сборник кейсов для студентов специальности 5В070800 – Нефтегазовое дело / - Версия . - Шымкент : ЮКГУ, 2017 о=эл. опт. диск (CD-ROM) Экземпляры: всего:1

5. Г.П. Зозуля, А.В. Кустышев, В.П. Овчинников Осложнения и аварии при эксплуатации и ремонте скважин: Учебное пособие. / и др.; Тюменский государственный нефтегазовый университет. - Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. - 372с. -http://rmebrk.kz/book/1176537

Дәріс №22. Тақырыбы: Мұнайөнімдері бар резервуарлардағы өрт, оларды болдырмаудың жолдары және алдын алу.

1. Резервуардағы апаттар
2. Автоматты өрт сөндіру қондырғысы және насосты станция

Резервуардағы апаттар

Ашық түсті мұнай өнімдері бар резервуарлардағы өрт газды резервуар кеңістігіндегі булы ауа қоспасының жарылысынан және бетін жұлып әкетуден

немесе бетін алынбай тұрған, бірақ оның кейбір осал жерлерін бұзу арқылы газды резервуар кеңістігіндегі булы ауа қоспасының жануынан өрттер шығады.

Жарылыс күші өрттің көтерілуіне әсер етеді. Осыған байланысты келесі жағдайлар байқалады:

-резевуар қақпағы жұлынып алынып сыртқа тасталған, мұнайөнімі резервуардың барлық бетінде жанады;

-резевуар аралығындағы жерге төгіліп қалған мұнай олардың жарылуына қауіп төндіре отырып жанады;

-вертикальді резервуар қақпағы жарылыс күшімен сәл көтерілген, сосын резервуарға кішігірім бөлігі батқан; ол жанып тұрған бетті экрандағандықтан резервуардағы сұйықтық бетіндегі жануды бәсендетеді;

